

Ауыл – қазақтың күрета-мыры. Тәуелсіздіктің алғашқы қиын кезеңдерінде тоқырауға түскен ауылдарды сақтап қалу үшін талмай еңбек етіп, ел мен жердің берекесін арттырып, халықтың ырысын молайтқан азғантай азаматтардың алдыңғы шебінде Дәулет Шөңке ағамыз да болды.

Ол ауыл шаруашылығын сөзбен емес, ісімен жандандырып жүрген қарапайым ауыл баласы. Институттан алған білімін ғылыммен сәтті ұштастыра білген ғалым Дәулет Избасарұлынан елімізде алғаш мал шаруашылығын көтерудегі атқарған жұмыстары жайлы сұраған едік.

– Дәулет аға, Сіз саналы ғұмырыңызды ауыл шаруашылығын өркендетуге арнапсыз. Осы жол қалай басталып еді?

– Мектептен соң Алматы зоотехникалық, мал дәрігерлік институтына (АЗМИ) оқуға түсіп, оны үздік дипломмен тәмамдап шыққаннан кейін алғашқы еңбек жолымды Талдықорған облысының Гвардия ауданына қарасты Қоғалы совхозында зоотехник-селекционер болып бастап, кейіннен бас зоотехникке дейін көтерілдім.

Одан соң Алматы Зоотехникалық, мал дәрігерлік институтының аспирантурасына түсіп, ауыл шаруашылығы ғылымының кандидаты атағын қорғадым.

(Жалғасы 3-бетте)

(Жалғасы 6-бетте)

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ҚАУІПТІ ДӘРІЛЕРДІ САУДАЛАУ ҚОҒАМҒА ҚАТЕР



Қазір ауыр есірткі түрлерімен қатар, дәріханалар арқылы таралатын құрамында улы заттары бар дәрі-дәрмектердің көбірек болуы да аса үлкен мәселеге айналды. Қолға оңай түсетіндіктен, жастар арасында мұндай дәрілерді еш қиындықсыз сатып алып, есірткіге әуестенушіліктің арты нашақорлық дертіне әкеліп соғуда.

БЕЗБЕН

ҚЫЛМЫСТЫҢ ӨТЕУІ – ЖАЗА

Әлеуметтік желілердің бәрінде дерлік «Тез әрі оңай ақша табуға болады», «2 сағатта 100 000 теңге», «онлайн жұмыс 600-700 мың теңге, қосымша сыйақы» деген жарнамалар қаптап жүр. Оңай олжаның ешқашан адамға опа бермейтінін білсе де осы торға шырмалушылар көп.

Дроппер болып шыға келмеңіз!

Алаяқтарға алданып сан соғып қалудың алдын алу мақсатында Түркістан облысында қазіргі таңда түрлі шаралар өткізілуде. Жуырда Кентау Жастар ресурстық орталығында «Қоғамда заң мен тәртіп идеологиясын ілгерілету жөніндегі 2025–2030 жылдарға арналған тұжырымдамасы» аясында «Қоғамға қызмет ету» бағыты бойынша мобилді топтың тұрғындармен кездесуі өтті.

Аталған шараға Кентау қаласы әкімінің орынбасары Ақнұр Байболова, Кентау қаласы прокурорының орынбасары Бекжан Балкибеков, Түркістан облысы бойынша Экономикалық тергеп-тексеру департаментінің офицері Мұхаммедали Нысанбек, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Түркістан облысы бойынша департаментінің Сотқа дейінгі тергеу басқармасының тергеушісі Нұрбақыт Сұлтанов, Түркістан облысы ПД полиция подполковнигі Мұхтар Тұрғынбаев, Кентау қаласы ПБ бастығының бірінші орынбасары Азамат Сәрсенқұлов, Кентау қаласы

прокуроры Олжас Жорабеков, Кентау қаласының нотариусы Ақнұр Айменова, жеке сот орындаушы Есқали Абдирешов және қала тұрғындары қатысты.

Шараға қатысушы мамандар қазіргі таңда елімізде дроп алаяқтарға жастардың алданып, сан соғып жүргеніне қатты алаңдайды. Қаржылық мониторинг агенттігінің мәліметін келтірген мамандар, былтыр Қазақстанда 6 мың 200 дроп-карта ашылғанын анықтаған.

Ал осындай карта арқылы жалпы қаржы айналымы 24 миллиард теңгеге жуықтайды. Өзінің банк картасын немесе жеке шоттарын өзгеге заңсыз мақсатта қолдануға беретін тұлғаларды «дроппер» деп атайды. Мәселен, есірткі саудасы, кибералаяқтық, заңсыз құмар ойындары және басқа да қылмыспен айналысушылар өзге бір адамның картасына не шотына ақша аударады. Сөйтіп, қылмыскерлер өзге адамның картасын пайдаланып көп мөлшерде қаражат жымқырып, көзден ғайып болады. Ал картасын сыйақы үшін берген адам тұтылады. Соңғы кезде 10-нан аса банк картасы бар жеке тұлғалардың есеп-шотына


түскен ақшаға тексеру жұмыстарын жүргізу біршама күшейтілген.

Есірткі тасымалы жас тағдырларды талқандауда

– Қазіргі таңда мектеп оқушысынан бастап, жас та, кәрі де жасай беретін сорақы жұмыстың бірі – есірткі таратушы немесе закладчик. Қара, не ақ орамға оралған бармақтай ғана ұнтақты белгілі бір жерге апарып жасыруының құны – 25000 теңге екен. Ал, ол жұмысқа орналасу үшін үш апта оқытылып, арнайы сынақтан өтесіз. Мемлекеттік қызметке жұмысқа тұрған адамның өзі дәл осылай 3 апта сынақтан өтіп, олай тексеріліп, жіті қадағаланбаса керек. Жалпы, есірткі тасымалдаушылар – көбіне әрнеге тез әуестенетін, белгілі бір позиция, принципі жоқтар.

(Жалғасы 5-бетте)

2-бет



Қазақ тілінің тағдырына бәріміз жауаптымыз

4-бет



Сартаев мектебі өміршең

8-бет



Хакердің қолтаңбасы

ЗАҢ МЕН ТӘРТИП

Бүгінде Қазақстан Республикасы есірткі мен психотроптық заттардың заңсыз айналымына қарсы күресті ұлттық қауіпсіздік пен қоғамдық денсаулықты қорғаудың маңызды бағыты ретінде қарастырады. Есірткі қылмыстары тек қана жеке адамның денсаулығына емес, бүкіл қоғамға, әсіресе жастардың болашағына зор қауіп төндіруде.

**«ЦИФРЛЫҚ ЕСІРТКІ БИЗНЕСІ»
ЕТЕК АЛЫП БАРАДЫ**

Осыған байланысты еліміздің қылмыстық заңнамасында бұл бағыттағы құқықбұзушылықтарға қатаң жауапкершілік қарастырылған. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорларды заңсыз дайындау, сақтау, тасымалдау, өткізу, сондай-ақ оларды насихаттау және қолдануға тарту қылмыстық іс-әрекет болып табылады. Атап айтқанда, ҚК-нің 296-бабы – есірткі құралдарын өткізу мақсатынсыз заңсыз жұмыс істеу, 297-бабы – сату мақсатында заңсыз сақтау, тасымалдау және өткізу, 299-бабы – кәмелетке толмағандарды есірткі қолдануға тарту, ал 303-бап – есірткі заттарын заңсыз өндіру мақсатында шикізат дайындау бойынша жауапкершілікті белгілейді. Қылмыстық кодекске сәйкес, бұл әрекеттер үшін жеңілдететін жағдайлар болмаса,

бас бостандығынан айыру жазасы бес жылдан өмір бойына дейінгі мерзімді қамтуы мүмкін. Кәмелетке толмағандарға қатысты немесе ұйымдасқан топпен жасалған қылмыстар үшін жазаның ауырлатылатыны заңда нақты көрсетілген.

Соңғы жылдары елімізде синтетикалық есірткілердің таралуы алаңдаушылық туғызуда. Бұл заттар көбінесе интернет арқылы немесе қоғамдық көпшілік орындарда жасырын түрде сатылып, әлеуметтік желілер мен мессенджерлер арқылы жарнамаланады. Мұндай «цифрлық есірткі бизнесіне» қарсы күресте ІІМ, прокуратура және басқа да құқық қорғау органдарының техникалық мүмкіндіктерін арттыру – аса маңызды міндет. Мұндай жағдайларда қылмыстық қудалау шараларымен қатар, алдын алу жұмыстарының маңызы зор. Мектептер мен колледждерде түсіндіру, тәрбиелік

іс-шаралар өткізу, ата-аналармен жүйелі жұмыс жасау – жастардың есірткіге тәуелді болмауының басты кепілі. Қоғамдық ұйымдар мен еріктілер қозғалысының осы саладағы белсенділігі де қолдауға лайық.

Есірткі қылмысының алдын алу үшін әр азаматтың жеке жауапкершілігі де маңызды. Ата-ана өз баласына үлгі бола отырып, оның кіммен араласатынын, бос уақытын қалай өткізетінін білуі керек. Сонымен қатар, жасөспірімдердің бос уақытын тиімді ұйымдастыру, спорттық және мәдени шараларға тарту – олардың теріс әдеттерден алыс болуына ықпал етеді.

Судьялар мұндай істерді қарау барысында тек жазалаумен шектеліп қалмай, әрбір істің артында тұрған тағдыр мен қоғамға әсерін ескереміз. Әсіресе жастарға қатысты істерде түзелу мүмкіндігіне жол беру – сот төрелігінің адами және тәрбиелік миссиясының бір бөлігі.

Қорыта айтқанда, есірткімен күрес тек құқық қорғау органдарының ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ ісі. Қылмыстың алдын алу, сананы ояту және заңды құрметтеу – мықты, қауіпсіз мемлекеттің іргетасы. Әр азаматтың белсенді ұстанымы мен жауапкершілігі арқылы ғана біз болашақ ұрпақты бұл індеттен қорғай аламыз.

**Ақмарал ХАСЕНОВА,
Ақтау қалалық сотының
судьясы**

ПӘРМЕН

Конституцияның 34-бабына сәйкес «Әркім Қазақстан Республикасы Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен ар-намысын құрметтеуге міндетті». Бұл талаптар, ең алдымен, мемлекеттік тұрақтылықты қолдауға, республиканың конституциялық құрылысының негіздерін нығайтуға, құқық тәртібі мен әр адам өмірінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған.

Қазіргі кезде сот шешімдерінің орындалу мәселесіне аса мән беріледі. Заңды күшіне енген соттың шешімі міндетті түрде орындалуы тиіс. Себебі, сот шешімі орындалуымен құнды. Орындалмаса, оның бағасы да болмайды. Азаматтық процестік кодекстің 241-бабында соттың шешімін орындауға жіберу тәртібі көзделген. Шешімдер дереу орындалатын жағдайларды

**СОТ ШЕШІМІ
ОРЫНДАЛУЫ ТИІС**

қоспағанда, заңды күшіне енгеннен кейін аталған кодексте белгіленген тәртіппен орындауға жіберіледі.

Соттың шешімі заңды күшіне енгеннен кейін атқару парағы жазылып беріледі. Атқару құжаты өндіріп алушыға беріледі немесе оның арызы бойынша тиісті сот орындаушыларының өңірлік палатасына орындау үшін жіберіледі. Соттың дереу орындалуға тиісті шешімі бойынша атқару парағы шешім шығарылған күннен кейінгі жұмыс күнінен кешіктірмей жазылып беріліп, орындауға жіберіледі.

Сот шешімін орындамаған борышкерлерге балаларына алимент төлемейтін әкелерге әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікті одан әрі күшейту көзделген. Шығарылған сот шешімі толығымен орындалмайынша жеке тұлғалардың немесе заңды тұлғалардың бұзылған құқықтары мен бостандықтары қалпына келтірілді деуге болмайды.

Соттың өздерінің өкілеттіктерін

жүзеге асыру кезінде шығарған шешімдері мен талаптары барлық мемлекеттік орган мен олардың лауазымды тұлғалары, жеке және заңды тұлғалар үшін орындауға міндетті болып табылады. Сот шешімдерін және судьялардың талаптарын орындамау заңмен белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

Сот актілерін орындауға қатысты жаңашылдықты кеңірек насихаттаған жөн. Өйткені сот шешімінің орындалуы – сот еңбегінің далаға кетпейтінін, төреліктің текке жасалмағанын көрсетеді. Сот қақылауы – сотқа деген сенімді нығайтудың тетігі. Әрбір азамат мемлекет заңдарын сақтауға, сот шешімін орындауға міндетті.

**Б.ПАЗЫЛОВ,
Ақтау қаласы әкімшілік
құқық бұзушылықтар
жөніндегі
мамандандырылған
сотының судьясы**

ТАҒЫМ

АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ



Юрий Григорьевич Басин (1923–2004) - көрнекті қазақстандық заңгер, заң ғылымының докторы, профессор, Қазақ ССР еңбек сіңірген ғылым қайраткер. Заң біліміндегі Азаматтық құқықтың дамуына ұшан-теңіз үлес қосқан. Профессор Басин – 300-ден астам ғылыми жұмыстың

авторы. Оның еңбектері оқу бағдарламаларын, нормативтік актілерді және әдістемелік құралдарды даярлау кезінде негіз ретінде пайдаланылды. Ол 50-ден астам заң ғылымының кандидаты мен 5 доктор даярлап, қазақстандық заң мектебінің дамуы үшін берік іргетас қалады.

Юрий Григорьевич егеменді Қазақстанның нормативтік базасын қалыптастыруға қатысқан. Ол 1995 жылғы Конституцияны, сондай-ақ Азаматтық, Жер кодексын, «Жеке меншік туралы», «Шет ел инвестициялары туралы» заңның және өзге де көкейкесті актілердің сараптама топтарының мүшесі болды. Оның қатысуымен 40-тан астам заң жобасы әзірленіп, оның 38-ін Парламент қабылдады.

2004 жылы ол қайтыс болғаннан кейін Юрий Григорьевич Басиннің есімі кәсібиліктің, ғылыми адалдықтың және азаматтық жауапкершіліктің символына айналды.

2025 жылғы 24 маусымда Алматыда, Ю.Г. Басин соңғы 50 жыл бойы тұрған үйде салтанатты түрде ескерткіш тақта ашылды. Айтулы жиынға ғылыми жұртшылық өкілдері, шәкірттері, мемлекеттік қызметшілер қатысты. Бұл оқиға отандық құқықтық мәдениеттің дамуына оның қосқан зор үлесін мойындаудың маңызды белгісі болды.

**С.ТЫНЫБЕКОВ,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу,
еңбек құқығы кафедрасының профессоры
Г.НҰРАХМЕТОВА,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
азаматтық құқық және азаматтық
іс жүргізу, еңбек құқығы кафедрасының
қауымдастырылған профессоры**

БАСТАМА

**КАССАЦИЯЛЫҚ СОТТЫҢ
ҚАЗАҚСТАНДЫҚ МОДЕЛІ:
ОЛ ҚАНДАЙ?**

Кассациялық соттың жаңа моделі қалай жұмыс істейді? Бұл соттан қандай өзгеріс күтуге болады? Сот саласындағы жаңашылдықтарға құлағын түріп отырған азаматтарды осы сұрақтардың мазалайтыны сөзсіз. Соған орай сот құрылымында кассациялық соттардың құрылуы, жұмыс тәртібі, негізгі мақсат-міндеттері туралы кең көлемді түсіндіру шаралары жүргізілуде. Әсіресе азаматтардың сұрағына тыңғылықты жауап беріп, құзырлы органдармен түрлі шаралар ұйымдастыруда, бұқаралық ақпарат құралдарында танымдық мақалалар беруде судьялар қауымы белсенділік танытып келеді.

1 шілдеден бастап Қазақстанда кассациялық соттар қызметіне кіріседі. Бүгінгі күнге дейін үш дербес кассациялық сотты материалдық-техникалық жақтан қамтамасыз ету, сот корпусын сапалы кадрлармен жасақтау бағытында ауқымды жұмыстар қолға алынды. Кассациялық сот судьяларына қойылатын талап жоғары болғандықтан, жаңа соттарға республикадағы тәжірибесі толысқан, кәсіби шеберлігі шыңдалған, ортасына белделді жандардың іріктелгені түсінікті.

Жаңа модельдің ерекшелігі айқын. Айталық бұрын Жоғарғы Соттың кассациялық алқасында істер алдын ала іріктеуден өтетін. Таңдап қарау принципі азаматтардың сот төрелігіне теңдей қолжеткізуіне мүмкіндік бермеді. Нәтижесінде шағымдардың тек бес пайызы ғана жоғарғы сатыда қаралып, басқа шағымданушылардың орынды өкпе-решінін тудырды.

Көпшіліктің пікір-ұсынысын ескерген Мемлекет басшысы сот төрелігіне толыққанды қол жеткізуді қамтамасыз ету, қылмыстық қудалау саласына тартылған адамдардың құқықтарын қорғау бойынша құзырлы орындарға тапсырма бергені есімізде. Расында, күнделікті тәжірибе көрсеткендей барлық қылмыстық істердің мән-жайын мұқият, үздіксіз тексергенде ғана әділдік орнығады. Бұл сотқа, мемлекеттегі қауіпсіздікке деген сенімнің негізі. Сондықтан,

кассациялық соттың жаңа моделі азаматтардың құқығы мен мүддесін үздіксіз, жан-жақты, сапалы қорғаудың тетігі деп бағалағанымыз дұрыс. Жаңа соттар іс бойынша түпкілікті шешім қабылдайтын сот жүйесінің буыны болады.

Кассация жұмысының басты мақсаты – жазықсыз азаматтардың сотталуына жол бермеу. Сонымен қатар, кінәлілер үшін әділ жаза тағайындау да соттың басты міндеті болып табылады.

Кассациялық соттың жұмыс істеуімен Жоғарғы Соттың қызметі де айтарлықтай өзгереді. Істерді қарауға қатысты барлық ауыртпалық жаңа соттарға жүктелгендіктен, енді Жоғарғы Сот республика соттарында ортақ тәжірибені жетілдіруге көбірек ден қояды. Бұл заңнаманы қолдануда орын алатын олқылықтарды анықтап, шешуге көмектеседі. Сондай-ақ сот практикасының біркелкілігін бұзған қылмыстық істерді қарау да Жоғарғы Сот құзырында. Соның ішінде адам өмір бойына бас бостандығынан айыруға сотталатын, ұлттық қауіпсіздікке қауіп төнетін және т. б. істер Жоғарғы Соттың қарауына беріледі.

Міне, осындай іргелі өзгерістерді қарастыратын кассациялық соттар ел игілігіне қызмет етеді деп сенеміз.

**Әлия ТЕБЕРИКОВА,
Тасқала аудандық сотының
төрағасы
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ**

СУДЬЯ МІНБЕРІ

**ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ТАҒДЫРЫНА
БӘРІМІЗ ЖАУАПТЫМЫЗ**

«Ана тілін ұмытқан адам өз халқының өткенінен де, болашағынан да қол үзеді» деген екен қазақтың талантты жазушысы Ғабит Мүсірепов. Расында, әр халықтың ең аяулысы, қадірлісі – тілі.



Әр халықтың тарихы мен салт-санасы, танымы мен тағылымы осы ана тілі арқылы қалыптасады. Әр ұлтты бір-бірінен ерекшелейтін де, әр ұлттың болмыс-бітімін айқындайтын да – тіл. Сондықтан, ана тілінің қолданыс аясын кеңейту, мемлекеттік мәртебесін арттыру – баршамыздың қасиетті борышымыз.

Еліміздің бас құжаты Конституцияда, «Қазақстан Республикасындағы Тілдер туралы» заңда мемлекеттік тіл қазақ тілі екені анық көрсетілген. Яғни, біздің тілге байланысты жұмысымызды үйлестіруде қорған болар заңдар бар. Тек осы заңдардың құжат жүзінде қалмай, тәжірибеде де нақты, кең қолданылуына жағдай жасау, қолдау таныту өзімізге байланысты.

Сонымен қатар, мемлекетте тілге деген құрметті отбасынан бастап қалыптастыруға көңіл бөлініп, ұл-қызымызды қазақша тәрбиелеуге ден қойған абзал. Балаларымыз қазақша білім алып, ана тілін жетік білгенде ғана Отанына деген сүйіспеншілігі артады. Осындайда халықтың арда ұлы Мұстафа Шоқайдың: «Бала қай тілде білім алса, түбі сол ұлтқа қызмет етеді» деген тағылымды сөзі еріксіз ойға оралады. Расында, ұлтын сүюдің басы ана тілін білу мен сүюден тамыр алады.

Мемлекеттік тілдің мәртебесі жоғары болуы үшін барлық мемлекеттік мекемелер қызметінде қазақ тілін басты орынға қоюға тиіспіз. Соның ішінде мұндай талап отандық сот саласына да қойылған. Бүгінде республика соттарындағы барлық кіріс-шығыс құжаттары 100 пайыз мемлекеттік тілде дайындалады. Сот хабарламалары мен арыз-шағым үлгілері де азаматтарға мемлекеттік тілде ұсынылады. Судьялар мен сот қызметкерлерінің қазақ тілін біліп қана қоймай, еркін, жатық сөйлеуіне, заң терминдерін дұрыс қолдануына, шеберлігін шыңдауына да басымдық беріледі. Жалпы, бүгінде судьялықтан үміткерлерді іріктеуде, сот қызметкерлерін жұмысқа қабылдарда мемлекеттік тілді білуі негізгі басымдықтың бірі екенін айта кеткеніміз жөн.

Соттағы шаралардың дені мемлекеттік тілде өтеді. Сондай-ақ мемлекеттік тілге байланысты туындайтын мәселелерді бірігіп шешіп, жылдам жолға қою мақсатында құзырлы орган басшыларын қатыстыра отырып ашық талқылаулар ұйымдастыру әрбір сотта қалыпта дәстүрге айналған. Мұндай талқылаулар мемлекеттік тілдің қолданысын кеңейту, мәртебесін арттыру барысында кедергі келтіретін кемшіліктерді дер кезінде реттеуге көмектеседі. «Келісіп пішкен тон келте болмас» демекші, мемлекеттік тілге байланысты қолға алынған осындай кешенді шаралар алдағы уақытта оң нәтижесін берері анық.

**Замира МАХИТОВА,
Мұнайлы аудандық сотының судьясы
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ**

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ҚАУІПТІ ДӘРІЛЕРДІ САУДАЛАУ ҚОҒАМҒА ҚАТЕР

(Соңы. Басы 1-бетте)

Адам өмірінде бұл тек медициналық қауіп қана емес, жыл сайын көптеген адамды нашақорлықтың құзына қарай итермелейтін аса үлкен қатер болғандықтан, қоғам тарапынан қорқыныш тудырған мәселе. Есірткіге тәуелділік адамның жасына, әлеуметтік жағдайы мен біліміне де қарамайтындығын ескерсек, мәселенің тым өзекті екені айdan анық көрінеді. Мамандар мұндай



Дәріханаларда самсап тұрған трамадол таблеткаларының құрамында кодеин шәрбаты аса мол. Мұндай дәрі-дәрмектер дәріханалар арқылы балаларға дейін қолжетімді. Есірткіге еліткендер қауіпті дәрі-дәрмектерді заңды өрескел түрде бұза отырып дәріханалардан-ақ сатып ала алады. Сонымен қатар «Бармақ басты, көз қысты» жолымен де қажет адамды тұтынушы еш қиындықсыз тауып, құрамында есірткісі бар дәрілерді қолға түсіре алады

қауіпті дәрі-дәрмектердің тек дәріханалар мен емдеу мекемелерінде ғана емес, үйлердің подвездерінде, мектептерде, тіпті қарапайым отбасыларда да кеңінен таралып, дамып жатқанын айтып, қауіп бұлтының төніп тұрғанын атап өтті.

Түйткілді мәселе Ақмола өңірінде де аса өзекті болып тұр. Бұған замана індеті – нашақорлық дертіне шалдыққан адамдардың бұрнағы жылдармен салыстырғанда еселеп артуы айқын дәлел. Тек жыл басынан бері ғана облыс аумағында дәріханалардан заңсыз түрде алынған рецептуралы психотропты препараттарды сатып алған 53 адам қолға түскені

нашақорлықтың да іс жүзінде аса үлкен қарқынмен дамып келе жатқанын айғақтап береді. Ерекшелігі сол, ауыр есірткі түрлері қолға оңай жолмен түспейтіндігімен әрі бағасының қымбаттығымен қолжетімсіз болса, дәріхана арқылы таралатын есірткіні жастардың оңай жолмен алуға болатындығы аса зор қауіп тудыруда. Өйткені, дәріханалық препараттарға тәуелділікке ұшыраудың арты көп жағдайда аса ауыр есірткі түрлерін тұтына бастайтын алғашқы қадамға айналатыны мәлім. Бұл өз кезегінде одан әрі нашақорлыққа тәуелділікке жеткізетіні белгілі.

мәлім болды.

Бұл аса ауыр есірткі түрлерімен қатар дәріхана арқылы таралатын мәлім болды. Өңір прокуратурасы мен құқық қорғау органдарының мамандары дәріханалар арқылы ашық саудаға түсіп, есірткіге еліткендердің «оңай олжасына» айналатын препараттар жастардың болашағына аса зор қауіп төндіріп жатқанын ашық айтты. – Өкінішке орай, бәрі кәдімгі қарапайым дәріханалар арқылы емін-еркін түрде сатылып жатқан дәрі-дәрмектер есебінде кеңінен таралып жатқанын атап өтпеске болмайды. Мәселен дәріханаларда самсап тұрған трамадол таблеткаларының құрамында кодеин шәрбаты аса мол. Мұндай дәрі-дәрмектер дәріханалар арқылы балаларға дейін қолжетімді. Есірткіге еліткендер қауіпті дәрі-дәрмектерді заңды өрескел түрде бұза отырып дәріханалардан-ақ сатып ала алады. Сонымен қатар «Бармақ басты, көз қысты» жолымен де қажет адамды тұтынушы еш қиындықсыз тауып, құрамында есірткісі бар дәрілерді қолға түсіре алады, – дейді Ақмола

облысының прокуроры Руфат Құтықов.

Сала мамандарының пікірінше дәріханалар арқылы таралатын құрамында есірткісі бар дәрі-дәрмектерді тұтынушы алғашқы кезеңінде адамның бар тәні босаңсығандай сезініп, рахаттана бастайды. Одан әрі тұтыну мөлшері де көбейе береді. Одан әрі ағзаның өзі мұндай дәрі-дәрмектерге әбден еті үйреніп, әдеттегідей қалыпты жағдайға айналады. Тіпті, есірткі құрамында дәрілерді тұтыну ешқандай да әсер етпейтіндей күй кешеді. Сондықтан да дәл осындай сәттерде есірткіге тәуелділікке ұшыраған адамдардың көпшілігі дәріханалық жолмен таралатын дәрі-дәрмектерді қойып, айтарлықтай күші жоғары, тіпті заңмен тыйым салынған есірткі заттарын іздей бастайтыны мәлім болды.

Мұндай мәселелер дәріханаларда тек рецепті жолмен ғана берілетін дәрі-дәрмектердің тауыр-таныс арқылы, кейде ештеңе сұрамастан босатылып, бақылаусыз түрде сатылуымен байланысты. Бұл өз кезегінде заңның өрескел түрде бұзылғанымен қоймай, қоғамның қауіпсіздігіне аса зор қатер төндіре бастайды. Әсіресе, дәрі-дәрмектің күмәнді түрлері жасөспірімдер мен қоғамның әлжуаз топтарынан шыққан жастардың қолына түскен жағдайда оның өмірі мен денсаулығының талқанын шығаруы әбден мүмкін екені түсінікті.

Елімізде адам ағзасына аса қатты әсер ететін, атап айтқанда психотропты немесе басқа да есірткінің ауыр түрлері ерекше қатты қарқынмен таралып әрі дамып жатқанын ескерсек, оның ең алғашқы саты-

лары яғни дәріханалық жолмен таралатын нашақорлықтың тамырына балта шабу қажеттігі айқын сезіледі. Бұл орайда аса күшті әсер ететін психотропты және есірткі заттарының заңсыз сатылуына айыппұл түрінде, ал фармацевтикалық саланың қызметкерлері үшін лицензия әрекетін мүлде тоқтатуға дейінгі жауапкершіліктің қарастырылғаны дұрыс. Мұндай жаза есірткі заттары мен дәрі-дәрмектерін сатпастан бұрын дәріхана фармацевтерінің жауаптылығын көтеруге ықпал етеді. Ал егер дәріханадағы құрамында есірткі заттары бар дәрі-дәрмектер кәмілет жасына толмаған балаларға аса ірі көлемде сатылған жағдайда жазаны одан сайын қатаңдатқан жөн. Есірткінің емін-еркін дәріханалар арқылы таралуына немқұрайдылықпен қарау жүздеген, тіпті мыңдаған тағдырдың өмірін тозаққа айналдыратынын ұмытпайық.

Облыс прокуратурасы дәріханалық нашақорлықтың таралуына бейжай қарамауға үндеуде.

– Қоғамның әрбір мүшесі өзінің жақын адамдарының, болмаса басқа жандардың нашақорлыққа тәуелділікке тап болғанын білген жағдайда үнсіз қалмай, бірден әрекет етіп, оның емделуіне, қоғамға қайта оралуына барынша қолдау көрсету қажет. Әсіресе, есірткіге тәуелділікке ұшырататын емдік препараттардың рецептісіз сатылу фактілерін байқаған жағдайда дереу хабарлаудың аса маңызды екенін естен шығармаған жөн. Ертерек дабыл қағылған жағдайда адам тағдырын арашалауға мүмкіндік болмақ, – дейді Руфат Бауыржанұлы.

P.S. Расында да нашақорлық дертінің алдын алуда оның басталуының алғышарттарын, яғни дәріханалық жолмен таралуына тосқауыл қою аса маңызды болып отыр. Бұл орайда заң қағидаларының қатаңдатылуы мен солқылдақ тұстарының түзетілгені жөн. Тек сонда ғана қоғамда, оның ішінде балалар мен жасөспірімдер арасында емін-еркін сатылып жатқан дәріханалық нашақорлықтың тамырына балта шабылады деген үміттеміз...

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ
АҚМОЛА ОБЛЫСЫ

ОТАНДЫҚ ТУРИЗМ

ҮНДІСТАНДЫҚ ТУРИСТЕР САНЫ ҰЛҒАЮДА

Алматыда Қазақстандағы Үндістан елшілігі мен Алматы облысы әкімдігінің ұйымдастыруымен қазақ-үнді туристік форумы өтті. Алматы облысы әкімінің орынбасары Рустам Исатаевтың айтуынша, бұл шараға Үндістан тарапынан 40 шақты, ал Қазақстаннан 100-ден астам тuroператор мен гид қатысты.

«Статистиканы қарасам Қазақстанға келетін туристердің жартысы Алматы қаласы мен Алматы облысында болады екен. Быыл Алматы қаласы мен Алматы облысына Үндістаннан келетін туристердің саны 100 мыңға жуықтайды деп жоспарлап отырмыз. Себебі қала мен облыс бірін-бірі толықтырады. Алматы музыкалық фестивальдерімен, бизнес әкімшілігімен әйгілі болса, облыс таулары, өзен-көлдери, ашық аспаны Үндістан туристерінің жанына ерекше жайлылық сыйлайтын тыныштықты ұсынады. Біз Үндістан елшісімен бірге туристік көрмені көрдік.

Көптеген оператор қонақтар үшін түрлі отбасылық пакеттер ұсынады. Оған дейін де Үндістан туристері Қазақстаннан не іздейді дегенді елшімен көп ақылдастық. Үндістанда мыңдаған қызметкері бар корпорациялар көп. Оларда балаларымен бірге бізде демалу үшін ұсынатын түрлі туристік пакеттер бар. Олар әлеуетті туристер. Елшінің сөзіне қарағанда, індетке дейін оларда туристердің алымы 2 млн доллар болған. Оның ішінде Консулдық алымнан көп қаржы жинаған.

Сондықтан біз корпоративтік Үндістан өкілдеріне елімізге қош келдіңіз дейміз», – деді Алматы облысы әкімінің орынбасары Рустам Исатаев форумның ашылу рәсімінде сөйлеген сөзінде.

Оның айтуынша, соңғы 3-4 жылда Үндістан туристерінен түсетін кіріс айтарлықтай ұлғайған. Мәселен, былтыр 2023 жылмен салыстырғанда ол 50 пайызға өсті. Сол себепті Үндістан туристері маңызды рөлге ие. Егер індетке дейін бір аптада Қазақстаннан Үндістанға 11 әуе рейсі жасалса, қазір Алматы-Дели, Алматы-Мумбай, Астана-Дели бағыттарында оның саны 15-ке жеткен.

Қазақстандағы Үндістан Республикасының Төтенше және өкілетті елшісі Нагендр Прасадтың сөзіне қарағанда, Қазақстан мен Үндістан арасында сан ғасырдан бері келе жатқан байланыс бар. Оны ары қарай дамытуда туризмнің әлеуеті өте зор. Өйткені ол ең алдымен жаңа жұмыс орындарының құрылуына ықпал етеді. Одан кейін инфрақұрылым мен логистиканы дамытады. Үндістанда ЮНЕСКО-ға кірген бірнеше нысан бар. Медициналық туризмнің де болашағы өте зор.



Былтыр бұл елге 200 мың адам емделуге келген. Үндістан медициналық туризм саласында емделушілерге түрлі пакеттер ұсына алады. Оның ішінде қымбаты да, арзаны да бар.

«Үндістан қазір саяхат туризмін дамытудан әлемде 39-орында тұр. Жалпы Үндістанға саяхаттайтын туристер арасында GOA маңызды рөл атқарады. Сол себепті Алматы мен Астанадан тікелей рейстер бар. Мұндай рейстер басқа қалаларда болуы мүмкін. Жалпы, өзге елдермен салыстырғанда үнділер қайда жүрсе де, өз асханасын жақсы көреді», – деген Үндістан елшісі Елшісі Қазақстанға келетін өз отандастары үшін енді үнді ресторандарын көбейтсеңдер деген тілегін айтып қалды.

Ал Үндістанның туризм бойынша бас директоры және қосымша хатшысы Сумана Билланың айтуынша, 2024 жылы Қазақстаннан Үндістанға 23 мың, ал Үндістан-

нан Қазақстанға 150 мың адам турист боп келген.

«Бізге Үндістаннан туристер көп келеді. Олар қазіргі таңда өңірдегі шетелдік туристердің үштігіне кіріп отыр. Мәселен, былтыр Қазақстанға келген 150 мың үндістандық туристің 140 мыңы Алматы облысында болды. Бұлардың бәрі тек туризм бойынша келген қонақтар. Нақты айтқанда 3 күннен 5 күнге дейін қонақ үйлерде қонып, еліміздің көрікті орындарын аралағандар. Биыл біз бұл көрсеткіш екі есе өседі деп жоспарлап отырмыз. Өйткені алғашқы 3 айда былтырғы жылмен салыстырғанда 25 пайызға өсу байқалды. Бұл форум бір-бірімізді жақынырақ тануға, турагенттер мен тuroператорлар арасында тығыз байланыс орнатуға мүмкіндік береді. Осы жылдың аяғында Үндістанға барып, сол жерде түрлі келісімдерге қол қоймақпыз. Екіншіден, Үндістан азаматтары тарапынан елімізге инвестиция салуға деген

қызығушылық бар. Атап айтқанда, олар бесжұлдызды қонақ үй салу, қазақстандық тuroператорлармен келісімшарттар жасау және мейрамхана бизнесі мен туристерді қарсы алуға қызығушылық танытуда. Сол себепті форумға біз өңірдегі үш ұлттық парк пен демалыс орындарының өкілдерін шақырып отырмыз. Ондағы басты мақсат шетелдік туристерге қауіпсіз және ыңғайлы демалыс ұйымдастыру», – дейді Алматы облыстық туризм басқармасының басшысы Қуанышбек Мейрамбекұлы.

Оның айтуынша, Алматы облысының уәкілетті органы үш айдан бері отандық тuroператор, гидтермен келіссөз жүргізіп жатыр. Өйткені Үндістан азаматтарының тарапынан елімізде жазғы демалыста саяхаттаушылар саны 38 пайызға көбейген. Мәселен, қаңтар-наурыз айларында олардың саны 2021 жылы – 711, 2022 жылы – 1236, 2023 жылы – 7763, 2024 жылы – 17515, 2025 жылы – 29 320 адамға жетіп отыр.

«Үндістанға бұрын қазақстандықтар бұл елдің мәдениетімен танысу және емделу үшін көп баратын. Отандастарымыз үшін медициналық туризм жағажай туризмінен кейін екінші орында тұр. Осыған қарамастан қазір туристер ағыны біздің пайдамызға ауысты. Жалпы елімізде Алматы облысы бірінші боп шетелдік туристерді қабылдай бастады. Бұл өңірдің әлеуеті зор. Мысалы, су ішіндегі қарағайларымен әйгілі болған Қайыңды көлі әлемде тек Қазақстанда ғана бар. Ал Шарын каньоны көлемі жағынан АҚШ-тағы коньоннан кіші болғанымен, туристер үшін қолжетімділігі бойынша алда тұр. Әншікүм әлемде үшеу ғана. Ондай жер бізден басқа Қытай мен Нор-

вегияда ғана бар», – деді Қазақстан туристік қауымдастығының директоры Рахимда Шакенова.

Оның сөзіне қарағанда, Алматы облысы республикада бірінші боп экологиялық инфрақұрылымды дамытуда. Туристерді қабылдайтын қонақ үйлер де осында көптеп ашылған. Ендігі міндет оларды саннан сапаға қарай көбірек жұмыс істетуде.

Жалпы, Қазақстанның тәуелсіздігін алғашқылардың бірі боп мойындаған Үндістанмен өңірлік байланысқа көбірек ден қою маңызды. Мәселен, 12-13 маусым күндері Қазақстанның Үндістандағы Елшісі Азамат Есқараевтың Махараштра штатының Мумбай қаласына сапары өтті. Онда Мумбайдың Үндістанның қаржы астанасы ретіндегі маңызын ескере отырып, сауда-экономикалық және инвестициялық ынтымақтастықты кеңейту перспективаларына ерекше назар аударылды. Келіссөз барысында Қазақстан мен Үндістан арасындағы мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықтың негізгі бағыттары талқыланды. Атап айтқанда, бірлескен киноөнімдер шығару (co-production), қазақстандық киноны Үндістан нарығына илгерілету, сондай-ақ білім беру саласындағы ынтымақтастық мәселелері қарастырылды.

Қазақстанның делегация мүшелері Lilavati Hospital & Research Centre көпсалалы жекеменшік клиникасында болған кезде Прашант Мехта бастаған басқарушы топпен келіссөздер өткізді. Онда тараптар Қазақстанда шамамен 30 млн АҚШ доллары көлемінде медициналық мекеме салу бойынша инвестициялық жобаны талқылаған болатын.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

САРТАЕВ МЕКТЕБІ ӨМІРШЕҢ

Өмірде адамдарға жасаған жақсылығы мен жанына жақын тарта білетін жылылығы естен кетпейтін тұлғалар бар. Сондай келбетімен өмірде есті із қалдырған тұлғаның бірі – Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген қайраткер, Ұлттық ғылым академиясының академигі, Әлеуметтік ғылымдар академиясының академигі, заң ғылымының докторы, профессор Сартаев Сұлтан Сартайұлы ағамыз еді.

Ол өзінің бар ғұмырын қазақ елінің ғылымына, заңдық негіздің жасалуына, құқықтық мемлекетті қалыптастыруға, ел мен жер мүддесін дамытуға арнаған болатын. Заң ғылымының табалдырығын аттап, сол салада еңбек еткен ға-



ЖАҚСЫНЫҢ АТЫ ӨШПЕЙДІ

лымдарымыз көп. Бірақ солардың арасында есімімен ерекшеленіп, болмысымен бөлініп, шешен тілімен дараланып, жайма-шуақ мінезімен, тұлғалық қасиетімен таудай болып көрінетін тұлға, ғалым Сұлтан ағамыздың орны ерекше. Ағамыз Ата Заңымыздың негізін қаласып, заңдылықтың салтанат құруына атсалысты.

Сұлтан аға қашан да жаңашылдықты жанына жақын ұстады. Соның бір дәлелі – мемлекетте тұңғыш Қазақстан заңгерлер қоғамын құрып, басшылық жасады. Сонымен қатар заң және халықаралық қатынастар жүйесіндегі жеке жоғары оқу орындарының ашылуына да атсалысты. Ол кең ауқымды ғылыми және ғылыми көпшілікке арналған зерттеу жұмыстары мен педагогикалық қызметтегі істерін көптеген қоғамдық-саяси жұмыстармен ұштастыра жүргізді. Осындай жолда әділдік пен адалдықты ту еткен Сұлтан ағаның еңбегі мен сара жолы келешекте де жастардың бастамашыл ұранына айналып, заң мен ғылым саласында ерекше орны бар өнегелі, өрісі кең дана сөздерге айналуда. Сондықтан ағаның әрбір еңбек еткен жылдары мен естелік еңбектері өз алдына бір даналық қор болып сақталып қалады.

Сұлтан ағаның том-том туындылары ұлттық қазынаға айналды. Ол кісі шын мәнінде кісілік пен даналықтың үлгісінде, әділдіктің таразысындай абыз ақсақалымыз болатын. Адамгершілік қасиеттері мол абзал азаматтың елге сіңірген еңбегі мен жарқын дидактикалық әрдайым жүрегінде сақталады.

Уақыт әрі қатал, әрі жүйрік қой. Елін сүйген ер – ғылым жолын тануға және танытуға бар өмірін арнаған, ұстаз ретінде шәкірттеріне бар ықыласын білдірген, олардың шексіз алғысына бөленген асыл жанның мейірімді де жалынды жарқын бейнесі әрқашан жадымызда. Ғалым-ұстазымыздың жақсылыққа жетелеп, тәрбиеленген ізбасарлары барда артында қалған рухани мұрасы ешқашан құнын жоймақ емес. Осы орайда заңгер есімін биік тұтқан жақындары, шәкірттері көрнекті ғалым, профессор Сұлтан Сартайұлының құрметіне арналған мемориалдық тақтаның ашылу салтанатын ұйымдастырды.

Академик Сұлтан Сартайұлы баршамызға үлгі, кішіге аға, қамқоршы бола білген ардақты тұлға еді. Жылышырайлы жүзімен кез келгенді жанына жақын тартатын, салмақты, салиқалы сөзімен барлығын баурап алатын, ағалық биік қасиетімен қашанда жылы шуағын шаша білетін ерекше адам болатын. Халқымызда «Жақсының аты, ғалымның хаты өлмейді» деген даналық сөз бар. С.Сартаевтың еліне қосқан үлесі мен қалдырған ұстаздық ұлағаты, ғылыми мұралары – осының айқын дәлелі.

А.ИСАБЕКОВ,
эл-Фараби атындағы ҚазҰУ Заң факультеті, мемлекет және құқық теориясы мен тарихы, конституциялық және әкімшілік құқық кафедрасының доценті

Қаланың көшелерімен жүріп келе жатып, кейде тұрғын үйлердің қабырғасына орнатылған ескерткіш тақталарды көреміз. Олардың әрбірі – жай ғана есім жазылған тақтайша емес. Бұл – жеке бір тағдырдың, ел өмірінде терең із қалдырған азаматтың шежіресі. Бұл – қоғамға қалтқысыз қызмет еткен, ой толғаған, өнеге көрсеткен тұлғаны еске алу, құрметтеу белгісі.

МҰРА МЕН МҰРАТ ЖОЛЫ

Осындай ескерткіш тақталардың бірі Алматының Самал ықшам ауданындағы тұрғын үйдің қабырғасына академик Сұлтан Сартаевтың құрметіне орнатылды. Бұл – егемен Қазақстан құқығының қалыптасу кезеңінің, адам құқығын, конституциялық тәртіп пен мемлекеттік тұтастықты

терең түсіну дәуірінің символына айналған тұлғаға деген тағзым.

Сұлтан Сартайұлының тікелей қатысуымен егемен Қазақстанның басты саяси-құқықтық құжаттары – Қазақ КСР-інің Мемлекеттік егемендігі туралы Декларациясы, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заңы, «Тілдер туралы», «Азаматтық туралы», «Қазақ КСР Президенті қызметін тағайындау және Қазақ КСР Конституция-

сына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» заңдар және басқа да құжаттар дайындалды. Бұл тарихи маңызы зор актілерге ол өзінің идеясы мен құқықтық философиясын енгізді.

Академиктің 500-ден астам ғылыми еңбегі – жеке және ұжымдық монографиялар, мақалалар – оның ғылыми мұрасының ауқымын дәлелдейді. Олардың қатарында «Советтік Қазақстан мемлекеті мен құқығының тарихы», «Одақтас республикалардың ұлттық мемлекеттілігі», «Қазақ КСР мемлекеті мен құқығының тарихы», «Қазақстан Республикасы Конституциясының қалыптасуы» сынды отандық құқықтық жүйенің қалыптасу кезеңдерін саралаған еңбектері бар.

С.Сартаевтың ғылыми зерттеулері тек заманауи құқықтық тәжірибелі ғана емес, сонымен бірге тарихи-құқықтық мұраны да қамтиды. Ол Ш.Уалихановтың құқықтық көзқарасын зерттеп, қазақстандық құқық мектебінің қалыптасуына және құқық мамандарын даярлауға үлес қосты.

Сұлтан Сартайұлы Қазақстандағы заң білімінің дамуына айрықша еңбек сіңірді. Оның дәрістерін тыңдаған, пікірлес болған, диплом мен диссертация қорғаған адамдар-

дың бәрі бүгінде С.Сартаев ғылыми мектебінің өкілдері. Бұл – бейнелі тіркес емес, нақты адамдар. Олар – судьялар, ғалымдар, оқытушылар, депутаттар мен мемлекеттік қызметшілер. Осы шәкірттер арқылы академиктің дауысы бүгін де естіледі. Осы тұрғыдан алғанда, мемориалдық тақтаның ашылуы – тек еске алу рәсімі ғана емес. Бұл – дәстүр жалғастығын мойындау, Сартаев мектебінің өміршең екенін, оның заманауи талаптарға жауап беріп, жаңаша мағына қалыптастырып отырғанын білдіреді.

Сартаев мектебі өз өмірін жалғастыруда. Бұл – әділеттілікті заңнан биік қоя білетін әрбір заңгердің көзқарасында. Бұл – өз ісіне шын беріліп, шәкірттеріне ықыласпен білім беретін ұстаздардың еңбегінде. Бұл – айтқан сөзіне, ұстанған ұстанымына жауапкершілікпен қарайтын саналы азаматтардың әрекетінде. Сұлтан Сартайұлына арналған мемориалдық тақта – ұлы есімің артында үлкен ғылыми мектеп тұрғанын дәлелдейтін тірі естеліктің белгісі.

Ж.КЕГЕМБАЕВА,
ҚазҰУ мемлекет және құқық теориясы, конституциялық және әкімшілік құқық кафедрасының профессоры, заң ғылымдарының докторы

ДАРА ТҰЛҒА, ОЙШЫЛ ҰСТАЗ

Егеменді еліміздің сәтті әрі жарқын болашағының негізін қалыптастырған, сол арқылы еліміздің өркендеп дамуына өзінің баға жетпес үлесін қосқан біртуар азамат, ұлы ұстаздың бірі – Сартаев Сұлтан Сартайұлы.

Сұлтан Сартайұлы – өзінің ұстаздық парызына аса жауаптылықпен қарап, тиісті міндетін жүзеге асыруда талмай, шаршамай еңбек еткен азамат. Ғалым өзінің өмір жолында мемлекет пен қоғам өміріне белсене қатысып, жауапты қызметтер атқарды. Ол өмірінің басы бөлігін оқытушылық қызметке арнады. Ұстаздық қызметтен бөлек, аса жауапты, мемлекеттік қызметтерге араласты. Соның ішінде Қазақ КСР-нің Президенттік кеңесінің мүшесі, 1990 жылы Қазақ КСР Президенті жанындағы кешірім комиссиясының төрағасы, 1989–1994 жылдары Қазақстан заңгерлер одағының президенті, 1994 жылдан Қазақстан Республикасының адвокаттар алқасының вице-президенті, Қазақ халықаралық байырғы халықтар және этникалық азшылық қорының президенті қызметтерін атқарып, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің XII шақырылымының және ҚР Жоғарғы Кеңесінің XIII шақырылымының депутаты болды.

Сұлтан Сартайұлының мемлекетіміздің егемендігін орнықтырып, тәуелсіздікті нығайтуға сіңірген еңбегі ұшан-теңіз. С.Сартаев Қазақстанның мемлекеттік егемендігін бүкіл әлемге паш еткен құжат – Қазақ КСР-інің мемлекеттігі егемендігі туралы Декларацияның (1990 жылғы 25 қазан) негізгі авторы. Сонымен бірге бірқатар іргелі заң жобаларын әзірлеуге қатысқан, мемлекетіміздің құқықтық базасын қалыптастыруға

атсалысқан, мемлекеттің заң ғылымының дамуының теориялық негіздерін қалаған өрісі кең, дана азамат. «Адамның ісіне қарап өзін таны» демекші, дана ғалым, ойшыл ұстаз Сұлтан Сартайұлы табанды еңбегімен өзін мойындатқан, еліне сыйлы бола білген жан.

Академик Сартаев дана саясаткер, қызыл тілді шешен, ақылы терең әрі талғампаз ғалым. Қазақстанның барлық заңгерлері одан әділдікті үйренді, сол кісінің оқыту, білім беру, ұстаздық етуінің арқасында құқық әлемін таныды деп айтсақ артық болмас. Оның даналығы мен талғампаздығына, мәдениеті мен жан-жақтылығына шәкірттері шексіз таңқалып, Сұлтан ағайдың адамгершілік қасиетіне зор сый-құрметпен қарайтын. Оның дәрістері шәкірттерінің мәңгі есінде қалды.

Адамның өмірі кітап секілді көлемімен емес, мазмұнымен өлшенеді демекші, ұстазымыз Сұлтан ағайдың өмірін оның жарқын болашақ үшін шаршамай тер төгіп жасаған еңбегіне, адами қасиеттеріне, заман қиындықтарына қарсы төтеп бере білген жігеріне, табандылығына қарап бағалаймыз. Ол өзінің еңбек жолының біраз жылдарын білімді де білікті жастарды тәрбиелеп, қалыптастыру арқылы жалпы мемлекетке және ғылымға қызмет етуге арнады. Оның ғылыми, оқытушылық, жетекшілік, мемлекеттік қызметі жастарымызға үлгі болады деп сенеміз.

А.ЖАРБОЛОВА,
эл-Фараби атындағы ҚазҰУ-де Заң факультетінің мемлекет және құқық теориясы мен тарихы, конституциялық және әкімшілік құқығы кафедрасының аға оқытушысы

МІНДЕТ

Қазақ тілі – қазақтың жаны, халықтың ең қадірлісі. Тілді көзіміздің қарашығындай сақтап, мемлекеттік мәртебесін арттыру бағытындағы жұмыстар бір күн де, бір сәт те тоқтамауы керек.

Бұл сөзді ғылыми зерттеулер де айғақтайды. Ағылшынның атақты профессоры Д.Кристал тілдердің дамуын жан-жақты зерттеп жүрген ғалым. Д.Кристалдың айтуынша, әлемдегі б мыңнан астам тілдің 600-інің ғана ертеңі қауіпсіз. Ал біртіндеп күнделікті өмірде қолданысы азайған тілдің өлі тілдер қатарын толықтырып, жойылу қаупі жоғары. Қазіргі уақытта әлемде 6300-ден аса тіл бар. Бірақ, ғалымның пайымынша осы тілдердің жартысы XXI ғасыр соңына дейін біртіндеп қолданыстан шығуы мүмкін. Сондықтан, тілімізді өлмесін, жойылмасын десек, өзіміз де, ортамыз да қазақша сөйлеуі керек. Әрі қазақша сөйлейтін ұрпақты көбейтуіміз қажет. Кез келген азамат өзі қызмет ететін ортада тілдің дамуына, мемлекеттік мәртебесін нығайтуға атсалысуы тиіс.

Мысалы, Маңғыстау өңірінде мемлекеттік тілдің беделі биік. Сот жүйесінде істердің

ТАЛАП БОЛСА, ТІЛ ТҰҒЫРЫ БИІКТЕЙДІ

басым бөлігі қазақ тілінде қаралады. Алайда, әлі де болса талап арызын орыс тілінде жолдайтындар бар. Мұндай кемшілік мемлекеттік мекемелер, қаржы ұйымдары тарапынан да орын алады. Оның себебін арыз-шағымды орыс тілінде жазудың жеңілдігімен, істерді қараудың ыңғайлылығымен түсіндіріп жатады. Шын мәнінде, бүгінде арыз-шағымдардың мемлекеттік тілдегі үлгісі барлық сот ғимаратында көрнекі жерде тұрады. «Сот кабинеті» сервисіне кірген азаматтар да өзіне қажетті құжаттың үлгісін кедрегісіз ала алады. Тек қазақ тілін үйренуге, қолдануға деген ниет болса болғаны.

Мемлекетіміздің заң жүзінде бекітілген басты тілі – қазақ тілі. Қазақ тілі қажет тілге айналуы үшін оны мәжбүрлейтін заң қабылдау қажет. Өйткені күнделікті тәжірибе көрсетіп отырғандай, тілге қатысты талап қатайтылмай, тіл дамымайды.

Жалпы алғанда, Конституцияның 7-бабында, «Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы» заңның 4-бабында Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі екені, мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында, қоғамдық қатынастардың бар-



лық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі екені дәйектелген. Алайда еліміздегі Қылмыстық процесстік кодексте, Азаматтық процесстік кодексте сот ісін жүргізу тілі сотқа талап қою берілген тілге байланысты сот ұйғарымымен белгіленеді деп көрсетілген. Істі сот талқылауына дайындау кезінде екі тараптың да жазбаша етінішхаты бойынша сот ұйғарымымен сот ісін жүргізу тілін өзгертуге болады. Яғни, егер азаматтар өз қалауымен шағымды орыс тілінде жазса,

іс орыс тілінде қаралады. Оны тараптардың қалауынсыз соттың өзгертуге құқығы жоқ.

Күнделікті байқап жүргеніміздей мекеме заңгерлері, адвокаттар арыздарды орыс тілінде рәсімдеуге әуес. Іс түскеннен кейін дайындық сатысында талап қоюшы мен жауапкердің мемлекеттік тілді еркін меңгергені анықталса да, талапты рәсімдеген өкілдер тілді өзгертуден үзілді-кесілді бас тартады. Себебі ретінде, өзі ойын айқын жеткізу үшін істің орыс тілінде қаралғаны ыңғайлы екенін алға тартады. Соның салдарынан бүгінде сот отырысына қатысатындардың барлығы қазақ болғанына қарамастан, іс орыс тілінде сарапталыады. Кілең қазақ отырып сотты өзге тілде жүргізудің өзі көңілге қаяу салады. Мұндай жағдай орын алмас үшін, тілге қатысты талапты мейлінше жоғарылатып, мемлекеттік тілге деген жанашырлықты, сүйспеншілікті орнықтыру кезек күттірмейді.

Арыстанбек БЕКБОЛАТОВ,
Маңғыстау облысы мамандандырылған экономикалық сотының төрағасы

БЕЗБЕН

ҚЫЛМЫСТЫҢ ӨТЕУІ – ЖАЗА

(Соңы. Басы 1-бетте)

Олардың арасында 18-25 жастағы жастар, студенттер, жалғызбасты аналар және жұмыссыздар және оқушылар да бар. Кейде, тіпті, мемлекеттік қызметкерлер де кездесуі әбден мүмкін.

Қазіргі заманда ақшаны керек қылмайтын адам бар ма?! Бірақ оның өтеуі тіпті қиын, ол бүкіл өміріңе шабылған балта секілді. Міне, осындай құрғақ уәде беретін жарнамалардан аулақ болыңыздар. Қаламыздағы лед экрандардан алаяқтардан сақтану жайында бейнероликтер көрсетілуде. Алаяқтардың әрекетін балаларыңызға, ағайын-туыстарыңызға айта жүріңіздер, – деді Кентау қаласы прокурорының орынбасары Бекжан Балкибеков.

Оның сөзінше, есірткі кәсібі бірнеше топтан құралады. Олардың жаңа буыны «Тасымалдаушылар» болса, үстінен қарайтындарды «Күзетшілер» дейді екен. «Күзетшілер» «Тасымалдаушыларға» таратуы үшін қанша мөлшерде есірткі берілді және ол қай мекенжайларға жеткізілуі керек, бәрінен хабардар болып отырады. Жүйе бойынша бұл кәсіптен нәсіп табам деген жандар алдымен Telegram арнасы арқылы тіркеледі. Сосын үш апта арнайы курс оқиды. Курс оқу барысында сізге бес мың теңгеден ақша төленеді. Бірнеше жыл жұмыс істеген әккі «тасымалдаушылардың» шені де, ақшасы да өседі. Олардың орташа жалақысы 300-700 мың теңге болатын көрінеді. Мұндай жұмысқа тұрушы алдымен тұрғылықты мекенжайын фото-бейнежазбаға түсіріп, жұмыспен қамтушыға жібереді. Оның жеке куәлігі де алынады. Егер жаңадан жұмысқа орналасқан «тасымалдаушы» берілген есірткіні өзі иеленбек болса, онда жоғарыдағыларда оның барар үйін және сол адам туралы басқа да ақпараттар арқылы оңай тауып алады. Жеті өлшеп, бір кесілген мұндай ұйымдасқан қылмысты тек арнайы жасақ пен құқық қорғау қызметінің мінсіз жұмысы ғана тоқтатуы мүмкін екенін ұмытпаған абзал.

Көп жағдайда заңсыз қаржылық операцияларды жүзеге асыру үшін қарапайым адамдар пайдаланылады. Тәуекел тобына, әдетте, студенттер, шетелдік мигранттар, жұмыссыздар, баспанасы жоқтар, зейнеткерлер, үй шаруасындағы әйелдер, нашақорлық немесе алкогольге тәуелді адамдар барады.

Біздің мақсат – қылмыстық жолмен табылған қаражатты заңдасты-



ру схемаларына тарту үшін алаяқтар қандай айла-тәсілдерді қолданатынын жастарға жеткізу.

үшін сыйақы беретінін айтып өзінің мақсатын іске асырып алады.

Алаяқтар дроптарды жұмысқа қалай тартады?

Жұмыс туралы хабарландырулар жиі танымал компаниялардың ресми сайттарын еске түсіретін жалған беттер арқылы жарияланады. Кейде осындай хабарландырулар еркін қолжетімді танымал сайттарда жарияланады – өйткені бұл ресурстарда модерация деңгейі өте төмен. Жұмыс шарттары әдетте үстіртін ғана түсіндіріледі. «Пассивтік табыс» секілді жеңіл әрі икемді кестелі жұмыс ұсынылады. Сонымен қатар, олар банкотат алдында тұрған адамдардан өзінің картасы арқылы ақша шешіп ала алмай тұрғанын немесе қолма-қол ақша шешіп бергені

Жалған вакансияларды қалай ажыратамыз?

Олардың негізгі белгілеріне келер болсақ, сізден бірнеше банк картасын өз атыңызға ашу немесе сенімхатпен ашу сұралады. Сізден жеке куәлігіңіз және басқа да жеке деректеріңізді талап етеді. Жеке деректеріңіз арқылы олар сіздің атыңыздан жалған жеке кәсіпкерлік ретінде кәсіпорын ашады. Сізге криптобиржаларда, мобильді банкте немесе электрондық төлем сервистерінде аккаунт ашу ұсынылады. Бірнеше SIM-картаны рәсімдеуді сұрайды. Жалақысы жоғары жұмыс ұсынылады, бірақ сіздің біліміңіз, тәжірибеңіз немесе мамандығыңыз талап етілмейді. Жұмыс тек онлайн түрде жүретінін ескер-

теді. Аз күшпен жоғары табысқа жетуге уәде беріледі. Мысалы, күніне 30 минут жұмыс істеп, айына 500 мың теңгеге дейін табыс табуға болатыны жайында құрғақ уәде беріп, жастарды өз мақсаттарына пайдаланады.

Мұндай ұсыныстарға мүлде сенбеу керек. Заңды білмеу жауапкершіліктен босатпайтындығын ұмытпаған абзал.

Дроптарға қандай жаза көзделген?

Дроптар ҚР ҚК 190-бабы және 28-бабына сәйкес алаяқтыққа қатысқаны үшін 10 жылға дейін бас бостандығынан айырылуы мүмкін.

Материалдық жауапкершілік – ҚР Азаматтық кодексінің 953-бабы бойынша негізсіз байығаны үшін толығымен ақша өндіріп алу. Репутациялық зардаптар – банктік шоттардың бұғатталуы, қаржылық беделдің бұзылуы, енді сізге несие, банк немесе ірі қаржы ұйымдарында жұмыс мүмкін болмайды. Сіз шетелге де шыға алмай қалуыңыз мүмкін.

Арам табыс ас болмайды

Бір жоғары оқу орнының студенттері әлеуметтік желі арқылы «күніне 1 сағат жұмыс жасап 600-700 мың теңге табыс табуға болады» деген жарнамаға сеніп, жұмыс берушінің барлық талабын орындайды. Олардың міндеті – карта арқылы ақша қабылдап, шешіп, белгілі бір адамға тапсыру болады. Бұл қызмет үшін олар аударым сомасынан 2% алып отырады. Бәрі оңай көрінгенімен, бұл студенттердің карталарына бір айда 390 млн теңге – заңсыз жолмен алынған қаражат аударылады. Олар есірткі сатушылардың және алаяқтардың криминалдық жолмен тапқан ақшасын қолма-қол шешіп беру схемасын жүзеге асыруы-

на көмектеседі. Әрине, заң бәріне бірдей. Алаяқтардың алдауына түскен студенттердің оңай олжаға қызыққан әрекеті олардың болашағына балта шапты. Олар оқудан шығарылды, банктің сенімсіз тұлғалар тізіміне енді, қылмыстық іске тартылды. Енді олар студенттік өмірдің орнына – тергеу, сот және темір тордың арғы жағында жаза-сын өтейтін болады.

Тағы мысал, үй шаруасындағы бір әйел бухгалтерлік жұмыс туралы хабарландыруды көзі шалады, дипломсыз-ақ айына 300 мың теңге табатынын естіп, жұмыс жасауға бірден келіседі. Алаяқтар оның картасына заңсыз ақшалар аударып, криптовалюта Р2Р платформасы арқылы жіберіп отырған. Әр транзакциядан 2% сыйақы алады. Кейін белгілі болғандай, бұл қаражат – алаяқтардан келген ақша екен. Қазіргі таңда бұл әйел соттың шешімі бойынша 15 млн теңгеден астам соманы қайтаруға міндеттелді.

Алданбас үшін не істеу керек?

Жеңіл табыс уәде еткен вакансияларға ешқашан жауап бермеңіз. Жұмыс берушінің интернеттегі беделін тексеріңіз. Банк картаңыздың деректерін ешкімге бермеңіз. Банк қосымшаларының құпиясөздерін үнемі жаңартып отырыңыз. Бейтаныс сілтемелерге өтпеңіз. Егер сізге дроп болу ұсынылса – келіспеңіз! Себебі мұның соңы, айыппұл, мүлкіті тәркілеу, немесе бостандығынан айыру болуы мүмкін.

Кездесу барысында құқық қорғау органдары тұрғындарға құқықтық түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, қойылған сұрақтарға жауап берді. Сонымен қатар азаматтарға сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, экономикалық қауіпсіздік, заңнаманы сақтау бойынша кеңестер берілді.

Раушан НАРБЕК
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ



САРАП

РЕФОРМА – ӘДІЛЕТТІЛІК, АШЫҚТЫҚ, ТИІМДІЛІК КЕПІЛІ

Еуропалық сот (АҚЕС) сияқты халықаралық стандарттар мен тәжірибелерге бейімдеу;

- сот қателіктерін азайту және құқық қолданудағы кемшіліктерді түзету мүмкіндігін беру;

- шешімдерді жоғары сатыда қайта қарау мүмкіндігі арқылы сот қорғауының тиімділігін арттыру.

Жаңа кассациялық модель – бұл «жаппай кассация», яғни енді тек әкімшілік істер бойынша ғана емес, басқа да сот ісін жүргізу түрлері бойынша да сот процесіне қатысушылардың барлық сот инстанцияларында тыңдауына мүмкіндік беріледі.

Кассациялық сот азаматтық, қылмыстық және әкімшілік істер бойынша шешімдерді қарайды.

Жаңа кассациялық модельде шағымдар мен өтініштер беру және істерді қарау тәртібі айтарлықтай өзгереді.

Негізгі ерекшеліктері мыналар:

- Істер тікелей кассациялық соттың алқаларына түседі – бұл дегеніміз, енді істер алдын ала іріктеусіз бірден сот талқылауына шығарылады.

- Тараптар міндетті түрде шақырылады – сот тараптарды тыңдап, олардың уәждерін қарастырады, бұл әділетті процесті қамтамасыз етеді.

- Істерді қарау мерзімі – алты айдан аспайды. Бұл кассациялық істің жедел әрі нақты шешілуіне кепілдік береді.

- Барлық іс жүргізу түрлері үшін бірыңғай ереже енгізіледі – азаматтық, қылмыстық және әкімшілік істер бойынша біркелкі кассациялық тәртіп қолданылады.

Бүгінгі қолданыстағы заңнамаға сәйкес, кассациялық соттар «іріктемілі кассация» қағидатымен жұмыс істейді. Яғни, төменгі сатыдағы соттардың күшіне енген шешімдеріне келіп түскен шағымдар алдымен алқа судьяларымен алдын ала қаралып, тек кейбір ғана кассациялық қарауға жіберіледі. Бұл жағдайда істі қайта қарау мәселесі судьяның жеке шешіміне байланысты болады.

Жаңа модельдің басты артықшылығы – әрбір шағым міндетті түрде мазмұнды қаралады, бұл сот әділдігіне қолжетімділікті арттырады және құқықтарды қорғаудың шынайы кепіліне айналады.

Сонымен, бүгінгі күні барлық апелляцияланған және протестік сот актілері кассациялық сатыға өтпейді. Статистикаға сәйкес, орташа есеппен тек шамамен 5-10% іс кассациялық қарауға жіберіледі. Бұл тәртіп кассациялық қайта қарауға қолжетімділікті шектейді және қоғамның әділеттілікке қол жеткізуге деген талаптарына сай келмейді.

«Жаппай» кассацияның басты ерекшелігі – істі қарауға қабылдау кезеңінде:

- Ол алдын ала іріктеудің болмауында.
- Барлық түскен шағымдар мен протесттер (егер қылмыстық іс жүргізу кодексінің формальдық талаптарына сәйкес болса) міндетті түрде қаралады.

- Істер коллегия құрамында, кемінде үш судьяның қатысуымен мәні бойынша қаралады. Нәтижесінде, сот актілерін тексеру таңдамалы емес (яғни судьяның жеке шешімімен емес), керісінше міндетті түрде жүргізіледі. Бұл жаңа жүйе әділдікке қолжетімділікті арттырады және құқық қорғау саласындағы

кемшіліктерді тиімді жоюға мүмкіндік береді. Аталған «таңдамалы» және «міндетті» кассация арасындағы айырмашылық – Қазақстан Республикасында кассациялық соттарды құру туралы шешімнің басты себептерінің бірі болды.

Осы орайда, Жоғарғы Сотқа ел мен қоғам үшін ең күрделі және маңызды сот істерін қарау қалдырылып, оның назарын сот тәжірибесін біркелкі қалыптастыру және заңнамалық жұмысқа бағыттау жоспарлануда.

Сонымен, жеке кассациялық соттарды құру және «жаппай» кассацияны енгізу кассациялық қайта қарау кезеңінде заңды күшіне енген сот актілеріне қолжетімділікті арттырады. Бұл өз кезегінде бірінші және апелляциялық инстанция судьяларының шешімдері үшін жауапкершілігін күшейтіп, істерді қарау сапасын жақсартуға ықпал етеді.

Жаңа кассациялық соттардың тағы бір ерекшелігі – олардың Астана қаласында орналасып, жұмыс істеуі. Бұл кассациялық сатының тәуелсіздігін қосымша қамтамасыз етудің кепілі.

Жаңа сот азаматтар мен бизнеске қандай артықшылықтар береді?

- Процестердің жеделдетілуі және ашықтықтың жоғарылауы.

Халыққа қандай қолдау және түсіндіру шаралары көрсетіледі?

- Ақпараттық науқандар өткізу, консультациялар ұйымдастыру.

Соттың қолжетімділігі мен ашықтығы қалай қамтамасыз етіледі?

- Онлайн қызметтерді енгізу, шешімдерді жариялау, ашық сот отырыстарын өткізу.



Катан РАХИМБАЙ,
Қостанай облысы
мамандандырылған ауданаралық
әкімшілік сотының судьясы

Бүгін республика аумағында кассациялық соттар өз жұмысын бастады. Бұл сот сатысы сот шешімдерінің материалдық және іс жүргізу құқығы нормаларының дұрыс қолданылуын қайта қарастырады. Оның негізгі мақсаты – заңнаманы біркелкі түсіндіруді қамтамасыз ету және сот қателіктерін түзету.

Кассациялық соттың ашылуы ел үшін бірқатар маңызды артықшылықтарға ие:

- халықтың сот жүйесіне деген сенімін арттыру;
- әділеттілікті, ашықтықты, тиімділікті және сот шешімдерінің сапасын қамтамасыз ету;
- сот жүйесін Адам құқықтары жөніндегі



ШЕТЕЛ МЕН АУЫЛ АРАСЫН ЖАЛҒАҒАН ҒАЛЫМ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Сонымен қатар, Алматы Шет тілдер институтында ағылшын тілі факультетін бітірген соң, Алматы патенттеу қоғамдық институтында да білімімді жетілдіріп өзім зерттеп жүрген шаруашылықтың қыр-сырына тереңінен үңіліп, бар күш-жігерімді осы саланы дамытуға жұмылдырдым. Сол мақсатпен шет елдермен байланыс орнатып, ауыл шаруашылығы саласындағы қызметімді шетелдік фермерлердің озық тәжірибелерін алмасумен жалғастырдым. Ағылшын тілі мен ауыл шаруашылығы саласын жетік білгенімнің арқасында ғылыми ізденістер жасап, іскер мамандармен бірігіп ауыл шаруашылығы дамыған шетелдік фермерлермен екі арада әр жоба бойынша кеңесші бола жүріп кейіннен үкіметтік емес ұйымдармен арнайы мамандар, елдегі шаруа қожалықтарын қолға алған кәсіпкерлермен бірігіп үлкен жұмыстарды қолға алып екі ел арасында алтын көпір болдық деп айта аламын.

– Шетелдік фермерлермен бірге атқарған жұмыстарыңызға кеңірек тоқталсаңыз.

– 1993 жылы АҚШ-тың «Winrock International» халықаралық ауыл шаруашылығын дамыту институтының Қазақстандағы филиалына өкіл болып сайланып, 16 жыл үздіксіз қызмет атқардым. Оның негізгі бағыты – ауыл шаруашылық саласында мал тұқымын асылдандыру, сүт және ет бағытындағы ірі қара малдың санын көбейту мен тиімді азықтандыру мәселелерін ғылыми тұрғыда зерттеу болды.

Сол кездері Үкіметке жыл сайын экспортқа 60 мың тонна ет шығару міндеті жүктелген еді. Осы межені орындау мақсатында етті ірі қара малын көбейту үшін «Санта-гертруда» тұқымының Республикалық палатасы» алғаш 1993 жылы Алматы облысының Жаркент қаласында құрылды. Ол кездері алғаш палатаға елдегі шеттен әкелінген асыл тұқымды малмен айналысатын 8-ақ шаруа қожалығы тіркелген еді. Сол кәсіпкерлермен АҚШ, Австралия, Ирландиядан мал әкелуге басымдық беріліп, асыл тұқымды сиыр малын тірідей тасымалдап, өз жерімізге жерсіндіріп бағу ісін қолға алды.

Сондай-ақ, шетелдердің ауыл шаруашылығындағы озық тәжірибелерін саралай келе ірі қара мал шаруашылығы мен суармалы өсімдікке мал азығын дайындау барысында да егістік алқаптарына жаңа технологиялық әдістер енгізіп, ғалымдар және мамандармен бірге осы саладағы шаруа қожалықтарында біршама жұмыстар жасадық.

Сонымен қатар мал шаруашылығында түрлі бағдарламалар жасалды.

Нақты айтқанда, ауылшаруашылығы дамыған елдерден алдымен асыл тұқымды бұзаулы сиырларды әкеліп, артынан, бір жынысты төл алу жобасымен «Winrock International» институтының бағдарламасы бойынша жұмыс жасадық. 1995 жылы алғаш рет шетелдік ғалым, фермер, волонтер Джон Роджерспен бірге АҚШ-тан алып келген бұқалардың ұрықтарын алып (эмбриондар) түрлі тәжірибелер жасап, өңдеп, ғылыми тәсілдермен сұрыптап, сиырларды қолдан ұрықтандығанда 80-90 пайыз ұрғашы бұзау тудыратынын дәлелдедік. Бұл маңдай санын тез көбейту үшін жасалған жоба еді. Мен соның басы-қасында жүрдім.

Қолдан ұрықтандыру, мал тұқымын асылдандыру, мал ауруларының жеңіл түрде емдеу барысында да көптеген жобалар жасап, шет елдерден арнайы мамандар шақырттық. Мысалы, сол тұста елімізге түрлі сала бойынша шеттен келген мамандардың 50 пайызы мал шаруашылығы мамандары болыпты. Яғни, бұл қай салада қаншалықты жұмыстар атқарылғандығының негізгі көрсеткіші деп ойлаймын.

Осы жұмыстың барлығы бір-ақ күнде шешіле қойған жоқ. Бірнеше жылға созылған маңызды жоспар құрылды. Мемлекеттік мекемелермен келісіліп, рұқсат алынып, құжаттар дайындалғаннан кейін 120 бас бұзаулы сиырды елімізге ұшақпен жеткіздік. Ал ол замандарда шетелден мал тасу оңай шаруа емес-тін.

2008 жылы қазақ даласына жеткізілген сиырлардың алғашқы легінде «Герфорд» тұқымын әкелуге жеке кәсіп-



АҚШ, Техас штаты 2008 ж.

кер Бақыт Атайбек мырза менімен өзі бірге барып, ондағы фермерлердің жұмыс жайымен танысты. Техас штатында бізге шетелдік Гарри Вилсон деген волонтер жол бастап жүрді.

Техастан әкелінген сиырлар Алматы облысы Балқаш ауданындағы Атайбек мырзаның «Динара Ранч» шаруа қожалығында жерсіндірдік.

Тәжірибе дегеніңіз бірте-бірте жиналады ғой. Мәселен, Ирландияға барған сапарымызда еліміздегі мал шаруашылығы саласында есімі белгілі ветеринар, тәжірибелі маман Құрман Буашевті ала бардық. Бұл сапарда маманның көп пайдасы тиді. Ирландиялық фермерлер дайындап қойған 340 бас малдың ішінен іріктеп, таза, дені сау 180-ін ғана таңдап алдық.

Осылай, сиыр малымен айналысатын шаруашылықтардың Қазақстанда дамуына ерекше үлес қостық.

Кейіннен 2012–2013 жылы АҚШ-тың Ауыл шаруашылығы министрлігі бөлген арнайы грантпен ет-сүт бағытындағы 160 эмбрион әкелдік. Оның ет бағытынан «Герфорд», «Ангус», «Санта-гертруда» сияқты асыл тұқымды сиырлар әкелінсе, ал сүт бағытынан «browns of sweden» сиырларының эмбриондары әкелінді.

Елдегі кәсіпкер мамандар Америкадан келген волонтерлердің көрсетуімен бағымындағы малдарын қолдан ұрықтандыруда «Санта гертруда» тұқымын өз сиырларына қондыра бастаған кәсіпкерлер ішінде марқұм Жақсылық Үшкемпіров те бар еді. Бұл жолда бірнеше жыл бізбен бірдей еңбек еткен Джон Роджерстың еңбегі зор болды.

Содан бері бірнеше рет мал шаруашылығымен айналысып жүрген ауыл фермерлері Әбілхан Оспанов, Берік Әжібаев, т.б. азаматтармен Америкаға бірге барып, ол жақтағы қаншама фермаларды аралап, ұзақ уақыт бойы жинақталған мал өсіру, бағу жұмыстарын көзбен көріп шықтық. Шетелдік көрмелерге апарып, тәжірибе алу үшін он күндік семинарға да қатысып жүрдік.

Бүгінде елімізде «Санта-гертруда» палатасына тіркелген етті бағыттағы сиырмен айналысатын палата мүшелігіне тіркелген 100-ден астам шаруа қожалығы бар. «Мың рет естігеннен, бір рет көрген артық» деген бар. Шынында, көзбен көріп білгенге не жетсін! Өз басым, шет елге жылына бірнеше мәрте барып тұрамын. Басты мақсатым – еліміздегі ауылшаруашылығының дамуына аз да болса үлес қосу.

– Ғылым жолындағы еңбектеріңіз жайлы да айтсаңыз.

– Ғылым жолында да көптеген жетістіктерге қол жеткіздім деп айта аламын. 1981 жылдан бастап АЗМИ-дің жылқы және түйе шаруашылығы кафедрасында ассистенттен бастап доцент тәлімгер болдым. Қаншама шәкірттерді шаруашылыққа баулыдым. Ауыл шаруашылығын өркендету жайында республикалық, облыстық басылымдарда туған өлкенің байлығымен, мал шаруашылығының маңызы жөнінде қырықтан астам мақалаларым жарияланды.

Кітаптарым да шықты. Шетелдік және отандық мадақтамалардың түр-түрін иелендім. Сондай-ақ, әрбір қазақ баласы үшін төрт түліктің ішінде

жылқының алар орны ерекше екенін, әсіресе, сүт тағамдарын сақтау мен дайындауда басқа ұлттарға қарағанда қазақ халқының әдісі мен тәжірибесінің мол екенін дәлелдедім.

Қасиетті қымыз сусыны, бие сүтінің қасиеті мен пайдалы тұстары жайында диссертация қорғадым.

Одан соң асыл тұқымды малдардың алдымен өзін, одан кейін эмбриондарын әкелу жолында тоқтаусыз еңбек еттім. Бүгінде Қазақстандағы ет және сүт бағытындағы ірі қара мал тұқымдарын асылдандыру жолында кеңесші-аудармашымын.

– Елге сіңірген еңбегіңіздің еленгені қандай жақсы. Отбасыңыз, шәкірттеріңіз жайлы не айтасыз?

– 75 жас – өмір шыңы! Азаматтың өткенін қиядан шолып, өз-өзіне ғана емес, елі алдында есеп берер уақыт! Осы уақыт аралығында өзім жүріп өткен өмір жолын саралауға еш қысылмаймын десем артық айтқан болмаспын. Керісінше, ел игілігі үшін қаншама атқарылған істер, ғылым, шәкірт, ұрпақ тәрбиелеу жолында төгілген тердің зая кетпегені қуантады.

Ұлым Қалмас Алматыдағы Мұқағали Мақатаев атындағы қазақ мектебінде оқып, білім алды. Сосын 1999–2000 жылдары АҚШ-тың Пенсильвания штатындағы Мерсбург қалашығында оқып, АҚШ-тың «High School» сертификатын иеленді. Қызым, Дария орта мектепті тәмамдаған соң Қазақ Ұлттық ауылшаруашылығы университетінің экономика факультетіне оқуға түсіп, экономист мамандығын игеріп шықты.

Әрине, адамда арман таусылған ба?! Асыл жарым Бақытжамал Баймұқанқызы балаларының, ұрпағының бүгінгі қызығын көре алмай бақилық болғаны жүректі сыздатады. Әжелеіне немерелерінің спорттан, ұлттық аспаптарды ойнауда (домбыра) жетіп жатқан жетістіктерін бізбен бірге көруді жазбаған екен. Амал қанша?!.

«Ата көрген оқ жонар...» деген тәмсілмен ата жолын қууды арман еткен немерем Нұралымды өз кәсібіме баулып, шетелдік фермер достарыма бірге алып барып, солардың кәсібін, шаруа жайын үйретіп жүрмін. Басқа немерелерім Ералы мен Мансұрды да ауылға жиі апарып тұрамын. Ондағы мақсатым – қазақтың құретамыры ауылды сүйіп, оның шаруашылығымен таныса берсін деген ой ғой.

– Алдағы уақытта да ісіңізге сәттілік тілейміз! Құнды ойларыңызбен бөліскеніңізге рақмет.

Бүгінде ақсақалдықтың ауылына абыроймен ат басын тіреген Дәулет Ізбасарұлы өзінің 75 жылдық өмір асуында еліне осылай есеп беруде. «Ғалымның хаты өлмейді» дегендей, ұлтқа қызмет көрсетудің міндетін мойнына алған тұлғаның сіңірген еңбегін қоғамға, оқырманға таныту, келешек фермерлерге үлгі ету, бүгінгі біздің міндетіміз.

Осылай, өнегелі ойларымен бөлісіп, өмірден көргенін, көңілге түйгенін жинақтаған ғалым ағамыздың әлі де берері, үйретері көп.

Ұлбала ТІЛЕУҚЫЗЫ,
«Заң газеті»



Алаяқтық – қоғамдағы өзекті мәселелердің бірі. Ақпараттық технологиялардың дамуы, интернет пен мобильді банкингтің кең таралуы алаяқтарға жаңа мүмкіндік ашты. Олар әртүрлі тәсілмен сенімге кіріп, қарапайым адамдардың ақшасын, жеке деректерін қолды етуде. Сондықтан, бұл қауіпке бейжай қарауға болмайды.

АЛАЯҚТЫҚ АСҚЫНЫП ТҰР

Бұл қылмыс ҚР Қылмыстық кодексінің 190-бабымен қудаланады.

Алаяқтықтың кең таралған түрлері:

1. Банк қызметкері болып қоңырау шалу
2. «Сыйлық ұтып алдыңыз» деген хабарламалар
3. Жалған интернет дүкендер
4. Таныстарыңыздың акаунты арқылы жазу
5. Жұмыс немесе виза ұсынатын алаяқтар

Алаяқтық тек материалдық шығынға ұшыратпайды, сонымен қатар адамның психологиялық және моральдық күйіне де зиян келтіреді. Көптеген адамдар сенгені үшін өз-өзіне деген сенімділігін

жоғалтады, алаяққа алданып қалғанын мойындаудан ұялады.

Алаяқтардан сақтану жолдары:

- Бейтаныс нөмірлерден келген қоңырауға абай болыңыз.
- Жеке деректерді ешкімге айтпаңыз.
- Құпия сөздеріңізді жиі ауыстырып отырыңыз.
- Банк қосымшаларын тек ресми дүкендерден жүктеңіз.
- Күдікті сілтемелерге өтпеңіз.

Жұлдыз МАУБАСОВА,
Ақтөбе қаласы
№2 сотының
бас маманы-сот
отырысының хатшысы



ӘСКЕРИ КАФЕДРА ТҮЛЕКТЕРІ АНТ ҚАБЫЛДАДЫ



Жоғары оқу орындары жанындағы әскери кафедралардың үш жүзден астам түлегі Отанына адал болуға ант берді.

Іс-шара «Отан Ана» монументіне гүл шоқтарын қоюдан басталды. Құрметті қонақтар, жоғары оқу орындарының басшылары мен оқытушылары, студенттер, Қарулы күштердің ардагерлері қазақстандық жауынгерлерді бір минут үнсіздікпен еске алды. Халық қаһармандары генерал-лейтенант Бақытжан Ертаев пен генерал-лейтенант Абай Тасболтаев кафедра түлектеріне мамандық игеруде және өз мансабын құруда табыс тіледі.

Қ. Құлажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университетінің, Назарбаев Университетінің, Maqsut Narikbayev University, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің, Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің, «Туран», «Есіл» университеттерінің, Дене шынықтыру және бұқаралық спорт академиясының студенттері Отан қорғауға кез келген сәтте дайын болуға ант берді.

А.ҚҰРМАНҒАЛИ
Астана қаласы

ЖОБАЛЫҚ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІН ДАМУ ТҮСІМІ ҚАРАЛДЫ

Маңғыстауда жергілікті атқару жүйесінде жобалық офис қызметі кеңейіп, жаңа серпінмен жұмысын жалғастыруда.

Қазіргі уақытта KPI Monitor ақпараттық дашбордында 2950 өзекті міндет пен 337 жоба тіркелген. Бұл жүйе арқылы әр бағыт бойынша жобалардың санын, мәртебесін және іске асыру барысын нақты бақылауға мүмкіндік бар.

Сонымен қатар, дашборд қала және аудан әкімдері, басқарма басшылары үшін қолайлы етіп бейімделген. Олар өз құзыретіндегі жобаларды нақты көріп, онлайн мониторинг жүргізе алады.

А.МӘУЛЕНБАЙ
Маңғыстау облысы

ДЕНСАУЛЫҚ САЛАСЫ ХАЛЫҚ ИГІЛІГІНЕ ҚЫЗМЕТ ЕТЕДІ

Жетісу облысында халықтың алғашқы медициналық көмекке қолжетімділігін арттыру мақсатында ауқымды жобалар жүзеге асырылып жатыр. Атап айтқанда, «Ауылдық денсаулық сақтау саласын жаңғырту» ұлттық жобасы аясында облыс аумағында 18 жаңа денсаулық сақтау нысанының құрылысы жүргізілуде. Жобаға арнайы қор есебінен қажетті қаржы бөлінген. Салынатын нысандардың қатарында 3 дәрігерлік амбулатория, 3 медициналық пункт және 12 фельдшерлік-акушерлік пункт бар. Бұл нысандар салғайдағы ауыл тұрғындарына алғашқы медициналық қызмет көрсетуді жақсартуға бағытталған.

Е.ЕРЖАНҰЛЫ,
Жетісу облысы

ТУҒАН ЖЕРГЕ ТУЫҢДЫ ТІК!

Семейде «Туған жерге туыңды тік» инвестициялық форумы өтті. Ауқымды шараға ҚР Парламенті және Сенат депутаттары, шетелдік және отандық инвесторлар, Абай облысынан шыққан ірі кәсіпкерлер, қоғам қайраткерлері қатысты.

Маңызды жиынға 500-ге жуық кәсіпкер жиналды. Форумның ашылу салтанатында Абай облысының әкімі Берік Уәли өңірдің инвестициялық әлеуеті туралы баяндады.

– Бұл форум – өзара ой бөлісетін, пікір алмасатын, ең бастысы, болашаққа бірге қадам басуға мүмкіндік беретін алаң. Абай облысы – жаңадан құрылғанымен, әлеуеті жоғары аймақ. Табиғи ресурстарымыз, еңбекқор халқы, өндірістік инфрақұрылымы мен географиялық орналасуы – тұрақты дамуға негіз бола алады. Алайда, осы мүмкіндіктерді іске асыру үшін жергілікті кәсіпкерлер мен инвесторлардың белсенділігі ауадай қажет, – деді аймақ басшысы.

Ж.ҚҰДАЙБЕРГЕН
Абай облысы

БІЛІМ

ТАЛАПКЕРЛЕР ӨТІНІШТІ EGOV.KZ ПОРТАЛЫ АРҚЫЛЫ БЕРЕ АЛАДЫ



eGov.kz порталында техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау науқаны басталды. Биыл бұл қызмет айтарлықтай жаңартылып, талапкерлер үшін әлдеқайда ыңғайлы болды.

Өтініш беру жүйесіне жаңа функциялар мен сүзгілер қосылып, оқу орнын жылдам таңдауға, қателіктерді болдырмауға және уақыт үнемдеуге мүмкіндік береді. Енді өтініш беру кезінде талапкер жа- тақхана немесе тегін тамақтану қажеттілігін бірден көрсете алады.

Әскери қызметті шақыру бойынша толық өтеген азаматтар санатына жататындар растайтын құжатты тіркей алады.

Қызметті жетілдіру Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер комитеті, Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі, Оқу-ағарту министрлігі, «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ және Ахмет Байтұрсынұлы атындағы ұлттық зерттеулер және білім беру сапасын бағалау орталығының бірлескен жұмысының нәтижесінде іске асырылды. Ондағы маңызды жаңалықтардың бірі – оқу орнын таңдау кезінде сүзгілеу механизмінің енгізілуі.

Жүйе талапкер таңдаған параметрлерге сәйкес колледждердің тізімін автоматты түрде қалыптастырады: оқу аймағы, оқыту тілі, бағыт және мамандық бойынша. Оқыту тілі көрсетілгеннен кейін жүйеде тек сол тілде оқыту қарастырылған оқу орындары ғана көрсетіледі. Сондай-ақ, «Серпін» бағдарламасына қатысатын өңірлердегі ауыл мектептерінің түлектері үшін жеке сүзгі іске асырылған. Әр талапкер өтінішті бір рет қана

бере алады. Бұл ретте төрт түрлі колледжде дейін, төрт мамандық таңдау мүмкіндігі бар. Құжаттардың жалпы көлемі 5 мегабайттан аспауы тиіс.

Өтініш беру үшін талапкерге: eGov.kz порталында авторизациядан өту; «Білім» бөлімінен «Колледждер» санатын таңдау; «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау» қызметін таңдау; барлық қажетті жолдарды толтырып, құжаттарды жүктеу; қызметті қолжетімді әдістердің бірімен растауы керек.

Құжаттарды қабылдау кезеңіне жүргізіледі және оқу түрі мен білім беру бағдарламасына байланысты. Қабылдау шарттары, құжаттарды тапсыру мерзімдері мен талаптардың толық тізімімен eGov.kz порталында қызметтің паспортында танысуға болады. Қызмет көрсету мерзімі – 3-5 жұмыс күніне дейін және оның нәтижесі пайдаланушының жеке кабинетінде «Қызметтерді алу тарихы» бөлімінде қолжетімді болады.

Е.КЕБЕКБАЙ,
«Заң газеті»

ЖАРНАМА

ТАРАТУ

2. «Денсаулық мекені» ЖШС (БСН 200840004499) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: 050000, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Зенков көшесі, 25-үй, 13-пәтер, тел. 87013806201.

6. «СКО Экспорт» ЖШС (БСН 200340011443, Петропавл қаласы, К.Сүтішев көшесі, 15-ғимарат) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: 150000, Петропавл қаласы, Жуков көшесі, 5-үй, 33-пәтер, тел. 87028441919.

7. «Зернотрейд-СКО» ЖШС (БСН 170840012332) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: 150000, Петропавл қаласы, Георгий Константинович Жуков атындағы көшесі, 5-үй, 33-пәтер, тел. 87028441919.

8. «Нұр-Ай АС» ЖШС (БСН 210740003355) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: БҚО, Орал қаласы, Бағбандық серіктестік Зачаганский, телім 1151А.

9. «BAGA LTD» ЖШС (БСН 240440010773) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Нұра ауданы, Қайым Мұхамедханов көшесі, 15-ғимарат, 19-пәтер.

13. «RENT-SERVICE COMPANY» ЖШС (БСН 200740010380) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Қарасай батыр көшесі, 183/19 үй, тел. 8777-444-22-10.

14. «Тетра Тек И-Эс, Инк.» корпорациясының Қазақстан Республикасындағы филиалы (БСН 140841003086) өзін есептік тіркеуден шығаруы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Сарыарқа даңғылы, 6-ғимарат, 1430-кеңсе, тел. 87010749799.

11. «ПромЭнерго» ЖШС (БСН 090140003482) жарғылық капиталын 790 697 000 (жеті жүз тоқсан миллион алты жүз тоқсан жеті мың) теңгеден 310 000 000 (үш жүз он миллион) теңгеге дейін азайғаны туралы хабарлайды. Кредиторлардың талаптары осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қ., Сарайшық көшесі, 11-үй, 7-пәтер, 803-кабинет.

12. Шымкент қаласының азаматтық істер бойынша аудандық соты Мордвинова Юлия Викторовнаның өтінішімен (мекен-жайы: Шымкент қаласы, Әл-Фараби ауданы, Майлы қожа көшесі, 209) тарапынан Журавлев Владимир Ивановичті (1983 жылдың 4 мамыры, Ленгер қаласының тумасы; соңғы уақыттағы мекенжайы: Ленгер қаласы, Жанбыл көшесі, 34-үй; соңғы жұмыс орны: «L-sol» фирмасы) – хабарсыз кеткен деп жариялау туралы азаматтық іс козады. В.И. Журавлевтің орналасқан жері туралы ақпараттары бар адамдар болса жарияланған күннен бастап үш ай ішінде сотқа хабарлауды сұраймыз.

16. Хабарлама
Түркия Республикасы
Адана

12. Бірінші сатыдағы азаматтық сотының негізі № 2022/277 Е.

Талапкер: Адана губернаторлығы жанындағы Инвестициялар және мониторингті үйлестіру басқармасы
Іс бойынша жауапкер: Джансел Али және басқалар.
Байланыс тұлғасы: Әсем Әлиева, Джансел Алидің өкілі
Сотқа белгілі мекенжайы: Сәтбаев көшесі, № 2 пәтер: 11 Алматы/Қазақстан
Талап мәнінің мазмұны: Экспроприацияны нақтылау
Соттың жоғарыда келтірілген 03/12/2024 ж. 2022/277 мәні бойынша ісіне, мәні бойынша 2024/392 қаулысына сәйкес:

1 - ІСКЕ ҚАБЫЛДАУ
а) Адана провинциясындағы, Сарыман ауданындағы, Сулуджа округіндегі 1608 нөмірлі жылжымайтын мүліктің барлық учаскесіне меншіктік құқық туралы жазбаның күші жоқ, сондай-ақ Адана губернаторлығы жанындағы Инвестициялар және мониторинг жөніндегі үйлестіру басқармасы атынан шыққан ауыртпашылықсыз иелік құқығын растайтын құжаттар тізіліміне ресми түрде тіркеу және тіркелген жылжымайтын мүлікті экспроприациялау үшін 99 474,89 түрік лирасы мөлшерінде төлемақы көлемін анықтау,
б) Иеліктен шығару бағасын анықтау туралы талап арызды 4 ай ішінде аяқтау мүмкін болмағандықтан; № 2942 Заңның 10-бабына сәйкес 2022 жылғы 30 қарашадан бастап шешім қабылданған күнге дейін анықталған бағалар төлеміне заңды пайыздар қолданылады.
с) Зираат банкінің тиісті филиалына жылжымайтын мүлік иелеріне (қайтыс болған иелердің мұрагерлеріне) олардың жылжымайтын мүліктері үлестіріле барабар 99 474,89 түрік лирасы мөлшерінде экспроприация үшін белгіленген төлемді дереу төлеуге өрнек жазылсын,
д) Соттың шығарған шешімін тіркеу тұрғысында түпкілікті болғандықтан, тіркеу негіздері мұқият үшін Жер кадастры басқармасына тапсырылуы керек,
е) егер жылжымайтын мүлікке келіп және ипотека туралы жазбалар болса, тиісті жазбалар экспроприация шегінде қалуы керек.

Жүргізілген зерттеулерге қарамастан, Джансел Алидің өкілі Қазақстан азаматы Әсем Әлиеваның мекенжайы анықталуы мүмкін болмағандықтан, тіркеу тізілімінде көрсетілген мекенжайы бойынша бұл шешім ресми хабарлама ретінде жіберілуде. Сіз сот шешіміне қатысты шағын түсіруді қаласаңыз, хабарланған күннен бастап екі апта ішінде сотқа жазбаша өтінішпен жіберу арқылы Адана өңірлік сотына хабарлау туралы шешім қабылданды; № 7201 Заңына сәйкес тиісті шешім хабарлама жарияланған күннен бастап 7 күн өткен соң қабылданған болып есептеледі. 26.02.2025.

Кеңсе қызметкері 259012 электрондық қолтаңба
Судья 194225 электрондық қолтаңба
Бұл құжаттың аудармашы тарапынан Түрікшеден Қазақ тіліне аударылған. 28.02.2025

ӘРТҮРЛІ

10. «Ақдым-1» ЖШС (БСН 990440004526) Ақмола облысы, Ерейментау ауданы, Күншалған ауылы, Абай Құнанбаев көшесі, 14 ғимаратында кезектен тыс қатысушылардың жалпы жиналысы өткізілетіні хабарлайды. Өткізу күні мен уақыты: 04.08.2025ж, сағат 12-00. Күн тәртібі: Күншалған ауылдық округінің шекарасындағы 3 ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесі және меншік құқығындағы жер учаскелері бар 37 жылжымайтын мүлік нысанын атқарушылық іс жүргізу шеңберінде ерікті түрде сату.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: (727)292-43-43

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Media page kz» ЖШС, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтолық көшесі, 4Б, 1 қабат, 1 кеңсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.

ИП «Profy Agency kz»
Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83, 8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99.
г. Алматы, пр.Абылай хана, 60, оф.509
E-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz

«KAIROS» ЖШС, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агентство ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23.
Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУГА» ЖА), директоры Кривошова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында. Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева». Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.
«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС. Көкшетау қ., Е. Өуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747) 8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖШС, Петропавл қ., К.Сүтішев көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖШС, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779. E-mail: zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н. Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел.: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ЖҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел.: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

Баспасөз – 2025

Құрметті оқырман!

«Заң газеті» және «Юридическая газета» газеттеріне және «Заң» журналына жазылу жыл бойы жалғасады. Әр айдың 25-іне дейін жазылсаңыз, басылымдар келесі айдан бастап қолыңызға тиеді.

Біздің басылымдарға «Қазпошта» АҚ бөлімшелері, «Қазпресс» ЖШС дүңгіршектері және Алматы қаласындағы «Дауыс» жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

Жазылу индекстері:

«Заң газеті»

жеке тұлғалар үшін – 65921,
заңды тұлғалар үшін – 15921

✉ zanreklama@mail.ru

мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ф.А.Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, 5-ғимарат, тел. 87022334499.

5. 2016 жылдың 3 қаңтарында қайтыс болған Асанбаев Абызбайдың артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ф.А.Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, 5-ғимарат, тел. 87022334499.

15. 2025 жылдың 5 маусымында қайтыс болған азамат Мочалин Сергейдің артынан мұрагерлік іс ашылды. Мүдделі тараптар мен мұрагерлер нотариус Есимханов Рахим Жан Мұхтарұлына, хабарласуы керек. Мекенжайы: Алматы қаласы, Новои көшесі 39, 17 блок, 701 жай. Тел.: +77478755733.

БАЙҚАУҒА!

Қала жұрты шырты ұйқыға кеткенде әлдебіреу ақпарат жүйесіне ұрлана кірді. Көз ілеспес шапшаң саусақтары пернетақтада емес, заң мен ардың шекарасында биледі. Экран жарығы қараңғы бөлме тыныштығын қақ жарып тұр. Бір код жолынан кейін құпия құжат қолға түскен. Адамдардың өміріне кіретін хакер сана мен сандық жүйенің арасын торлаған көлеңкеге айналған. Сол көлеңкеңі бүгін Абылай Қайсенов іздеуге кіріспек. Қылмыс ізі сағымдай бұлыңғыр.

Көктемнің самал желі еседі. Шамдары жарқыраған қаланың мүлгіген тыныштығын Абылай Қайсеновтің аяқ киімінің дыбысы ғана бұзып келеді. Түн ортасында қалалық ішкі істер департаменті ғимаратында жұмыс қауыр.

Абылай ләм-мим деместен екінші қабаттағы тергеу тобының бөлмесіне бет алды. Ол кіргенде көмекшісі, лейтенант Данияр Жандос монитор алдында отырған күйі орнынан атып тұрды.

— Түн тыныштығын бұзған қандай жағдай, — деді тергеуші, сырт киімін шешпестен.

— Полковник, қалалық әкімдіктің мәліметтер базасына жасалған кибершабуыл туралы хабар түсті. Құпия құжаттар сыртқа шығып кеткен болуы мүмкін.

— Жүр, дереу оқиға орнына барайық!

Сағатына қарады: түнгі екіге он минут қалыпты. Көмекшісі лейтенант Данияр Жандос екеуі қызметтік көлікке отырды. Қала көшелерінде сирек кездесетін көлік шамдары айнаға шағылысады. Жол ұзақ емес. Көп ұзамай көлік әкімдік ғимаратының алдына келіп тоқтады.

— Жағдайды жылы кеңседе емес, сервер бөлмесінде көрейік, — деді Абылай Қайсенов суық жүзбен.

Ғимарат ішіндегі күзет те, кезекші қызметкерлер де абыржулы. Электрондық құлыптың коды теріліп, жерасты қабатына түсетін есік сықылмай ашылды. Сервер бөлмесіне алғаш кірген сәтте Қайсенов кілт тоқтай қалды — бөлмеде температура қалыпты, бірақ ауаның ішінде бір бөтендік бар. Бұзылған жүйенің тынысындай.

— Данияр, ештеңеге тиіспес. Ізді бүлдірме. Құжаттық тіркеуді осы сәттен бастаймыз, — деді ол бәсең даусымен. Тергеушінің көзі қабырғаға орнатылған мониторларды, оларда айналып жатқан ақпарат ағындарын шолып өтті. Сервер бөлмесінде тыныштық орнаған. Бірақ бірдеңе жетіспейтіндей сезім болды.

— Бұл жерде бір нәрсе бар, — деді Қайсенов көңіліне күдік алып. — Данияр, барлығын мұқият тексеріп шық.

Көмекшісі басын изеп, компьютерді ашты. Абылай Әзімханұлы оның әр қимылын бақылап тұрды. Монитордың экранына түскен ақпараттар кілт өзгеріп, әдеттегі операциялық жүйе емес, басқа бір әлемге апаратындай. Бірақ бұл кезде бәрі бірдей анық емес еді. Құпия құжаттар мен ақпараттар сыртқа шығып кеткен, бірақ сол мәліметтердің қайда кеткені, кімдерге түскені әлі белгісіз еді.


Абылай Қайсенов бөлмедегі ауада ерекше бір сезім барын сезді. Әдетте мұндай бөлмелерде ешқандай сезім мен белгі болмайды. Тек салқындық, тыныштық және киберқауіпсіздік жүйесінің үздіксіз жұмысы. Бірақ бүгін бәрі басқаша еді. Бұл сезім оның ішкі түйсігіне қандай да бір өзгеріс барын байқататын. Тергеушінің әр қадамы мәліметтерді тереңірек зерттеуге, көзге көрінбейтін іздерді ашуға бағытталады.

Данияр тергеу барысында бірнеше маңызды деректі таба алды. Ол әлденені сезгендей, мониторды қайта қарап, басын шайқады.

— Абылай Әзімханұлы, мұнда бір кодтық белгі бар, бірақ ол жүйеден тыс. Бұған дейін мен мұндай нәрсені көрген жоқпын.

Қайсенов жүрегіндегі түбінде бір нәрсе ұшқындап өтті. Әдеттегі тәжірибесі мен интуициясына сүйене отырып, жүйедегі бұзушылықтың тек техникалық қателік емес, үлкен қылмыстық әрекеттің ізін қалдырғанын сезді.

— Бізде күдікті дәл қазірдің өзінде бар. Ол осы жерден біршама уақыт бұрын өткен болуы мүмкін. Бірақ сер-



Хакердің қолтаңбасы

вердің ішінде не бар екенін түсінуіміз керек, — деді тергеуші.

Кезекші қызметкерлердің көздерінде қорқыныш пен алаңдаушылық байқалды.

— Бұл жалған бұйрықтар мен құжаттар әкімдіктің ішкі серверінен шыққан, — деді Данияр. — Мұндай ақпаратқа тек жүйенің ішкі жұмысын білетін немесе арнайы құқықтары бар адамдар ғана қол жеткізе алады.

— Егер хакер мәліметтерді 01:15-те ұрлаған болса, дәл сол уақытта серверде ішкі қолжетімділік болған, — деді Абылай Әзімханұлы. — Түнгі ауысымда тек үш адам болды, солардың бірі істегі анық. Күдік соларға түседі.

Сервер тексерісі аяқталған соң, Қайсенов бөлмені тағы бір рет шолып шықты. Операциялық жүйелер мен кодтардың әрбір жолы оның көз алдында тұрып, іздер мен қателіктерді іздеуін жалғастырды. Хакердің ізіне түсу оңай емес, әдетте олар із қалдырмайды. Мұндағы тыныштыққа қарамастан, бөлме ауасы тым ауыр болатын.

Полковник Абылай Қайсенов — жанарында мұздай сабыр мен оттай әділет оты қатар жанып тұратын адам. Орта бойлы, иықты, арқасын тік ұстаған сымбатты дене бітімі оның жас күнінде спортпен шұғылданғанын аңғартады. Көзқарасы — өткір, жанарында жарық бар. Оның қою көк костюмі мен мұнтаздай таза ақ жейдесі — тәртіпке деген ішкі құрметтің көрінісі. Сөзі қысқа, үні нық. Ол үшін қызмет — шен не атақ үшін емес, әділеттілік жолындағы іштей берік серт. Тергеуші бір сәтке көзін жұмып, іштей ойланғанды. «Бұл адам — жай ғана әуесқой емес. Бұл — цифрлық кеңістікті бес саусағындай білетін, жүйелердің осал тұсын дәл таба алатын әккі қылмыскер. Оның әр қадамы есеппен жасалған, әр код — терең ойдың жемісі».

Түнгі тыныштықтың ішінде беймәлім қылмыс әлдеқашан орын алғанын сезінді. Қазір тек із қалды. Ең әлсіз, бірақ ең шынайы дәлел — абайсызда қалған код фрагменті ғана. Бұл тек қана цифрлар мен кодтар емес еді, бұл — бір адамның қылмысы. Сол адамның ізін табу Қайсеновтың парызына айналды. Ол терең тыныс алып, серіктесіне қарады.

— Ертең не істейміз, Данияр? Мәліметтер күрделі, әрбіріміздің көзқарасымыз маңызды.

— Бірінші кезекте мәліметтерді қайтадан тексереміз. Әрбір құпияға уақыт керек. Бүгінге дейін бұрыс деп саналған нәрсе ертең өзгеруі мүмкін. Қараңғы түнде уақыт үнсіз сырғып жатқандай, Қайсенов бір нүктеге шоғырланып, қылмыскердің жасырынған көлеңкесін ашатын деректі іздеді.

Таңғы салқынмен полковник Абылай Қайсенов пен көмекшісі, лейтенант Данияр Жандос, қалалық сот мөрі басылған рұқсат қағазды ала келіп, Астана қалалық әкімдігіне кірді. Қызметкерлерге құжатты көрсете отырып, олар заң талабына сай әрекет етті. Сервер аса сақтықпен арнайы контейнерге салынып, тәркіленді. Абылай көз қиығын салып:

— Бұл сервердегі әр байт — куәгер. Сөйлету бізге байланысты, — деді қатұлы қабақпен.

Медғат басын изеп, әкесінің сөзін қабылдады, бірақ өзінің көзқарасымен бөлісіп:

— Әке, бірақ цифрлық әлем өз заңдылықтарына бағынады. Ол жерде ештеңе кездейсоқ емес. Біз тек адам мінез-құлқын ғана емес, әрбір мәліметтің өз тілін түсінуіміз қажет, — деді ол.

Қайсенов бір сәтке үндемей қалды. Ұлының айтқандары оның ойларын жаңа қырынан аша түсті. Әрбір қадамдарын өте сақ әрі ұқыпты басып, олар қылмыскердің ізін қатаң түрде табуы тиіс еді.

Қалалық ІІД тергеу басқармасының бастығы, полковник Абылай Қайсенов жаңа мәліметтерге көз жүгіртті. «Хакердің логикасы қызық. Ол қалай ойнайды? Қашан және не үшін шабуыл жасады?»

Мұның артында бір мақсат бар, тек қана техникалық қадамдар емес», — деді іштей. Данияр жаңа мәліметпен кірді.

— Полковник, оның бұрынғы IT маманы екені белгілі болды. Ішкі жүйені жақсы біледі. Бұл әрекетке әдейі барған. Бізде бір емес, бірнеше күдікті бар.

— Иә, бізге нағыз қылмыскерді табу керек. Бұл ұйымдасқан топ болуы да мүмкін.

— Кім болса да, хакердің іс-әрекеті есеппен жасалған, — деді Данияр, монитордағы деректерге қарап. — Біз бірнеше хакердің ісін зерттеп жатырмыз, бірақ олар тек бізді адастыру үшін жалған іздер тастап кеткен сияқты.

Қайсенов ойланып қалды. Іс күрделеніп барады.

— Хакердің ниетін анықтау керек, — деді тергеуші. — Тек қылмыстың техникасын емес, оның мақсатын түсінбейнше, біз алға жылжи алмаймыз.

Екеуі кеңсе үстеліне жақындап, мәліметтерді талқылады. Абылай мен Данияр сервер деректерін саралап, Медғаттың тапқан IP-мекенжайлары мен лог файлдарының бір адамға апаратынын байқады. Оның көзі мұрағаттық жазбаларға түсті, IT бөлімінің бұрынғы қызметкерлерінің аттары мен жұмыстарының ерекшеліктерін қарап шықты. Бір-екі есім ерекше көңілін аударды.

— Абылай Әзімханұлы, осы «JS» кодының стилі Жаһангер Сайранға ұқсайды. IT саласында ұзақ жұмыс істеп, жүйенің ішкі тұстарын жақсы меңгергені анық. «Жаһангер Сайран деген лақап атпен жүрген адам кім?» — деп ойлады тергеуші. Қайсенов басын шайқап, сыбырлады:

— Бұл тек техникалық із емес, психологиялық ойын. Қылмыскер әлеуметтік инженерия мен фишингті де пайдаланған болуы мүмкін. Оны ұстау үшін, алдымен оның ойлау тәсілін түсіну керек.

Абылай Қайсенов істі тереңірек зерттеуге кірісті. Оның қолында тек «JS» деген код фрагменті ғана бар еді, бірақ бұл кішкентай бөлшек — үлкен жұмбақтың бастамасы болатын.

— Бұл тек код емес, — деді Абылай ішінен. — Қылмыскердің саусақ ізіндей.

Қылмыскер виртуалды әлемде із қалдырмау үшін барынша күрделі амалдарға барғаны анық. Қайсенов терең тыныс алып, ұлы Медғатпен кеңесуді ойлады.

Көп ұзамай Абылай Қайсеновтің тергеу бөлмесіне Медғат келіп кірді. Ол жүйенің ішкі журналдарын қарап, әртүрлі IP- мекенжайларды бақылап отырды.

— Әке, бұл жерде бірнеше жалған хакер әрекет жасап жатыр. Бірі өзінің орнын шатастыру үшін сансыз маскалар қолданған, — деді ол. — Хакер VPN мен Tor арқылы бүркемелеп, жалған IP- мекенжайлардың тізбегін құрған. Енді жүйе журналдарын, сервер логтарын қайта құрастырып, оның шынайы орнын табу керек.

Қайсенов басын шайқап:

— Бұл — жалған іздердің торы. Нағыз хакер ішкі адам болуы ықтимал, бәлкім жүйеге бұрыннан кіру мүмкіндігі бар, — деді. Олар мәліметтерді салыстыра отырып, қылмыскердің виртуалды профилін жасай бастады.

— Фишинг әдісі қолданылған, — деді Медғат. — Шенеуніктер жалған хаттардағы сілтемелерге кіріп, хакерге жүйеге қол ашып берген.

— Бізге бұл желіні үзу керек.

Барлық жалған іздерді жойып, нағыз қылмыскерді табу — басты мақсат, — деді Қайсенов. Экранда ашылған лог — файлдар мен сервер журналдары қатарынан тізіліп, тергеушінің назары соған ауған.

— Бұл — хакердің алғашқы іздері, — деді Медғат. — IP-мекенжайларды талдағанда, әртүрлі VPN мен проксиді қолданғанын көрдік. Бірақ бұл іздеуді бастауға мүмкіндік береді.

— Ұлым, біз тығырыққа тірелген сияқтымыз, — деді Қайсенов. — Хакердің қалдырған белгісі — қылмыскердің жалған есімі ғана.

— Иә, әке. Біз оның қай бағытпен кіргенін, қандай құралдар қолданғанын және қай деректерге қол жеткізгенін анықтадық. Бұл — Жаһангердің ерекше стилі.

— Ең бастысы — мақсаты не? Жай хакерлік пе, әлде кек пе?

— Мүмкін, бұрынғы қызметкер. Жүйенің ішкі құрылымынан хабардар. Бұл — кәсіби адамның ісі.

Қайсенов терең тыныс алып:

— Біз оның кім екенін анықтауға жақындадық. Оның қолтаңбасы — бізге бағыт беретін шамшырақ.

— Әке, хакердің логикасын түсінуге көмектесемін. Бұл «JS» коды — оның ізін жасырудың бір бөлігі ғана. Онымен бірге бірнеше жалған іздер тастап кеткен. Бізге оларды ажырату керек, — деді Медғат.

Қайсенов жымиып:

— Жақсы жұмыс істедің, ұлым. Бұл күрес ұзаққа созылады, бірақ біз әр байттың артындағы шындықты табымыз.

Тергеушілер үнсіз ойға шомды. Цифрлық әлемдегі күрес енді жаңа сипатқа ие болды — бұл енді жай бұза емес, мақсат пен мағынаға құрылған аяқас еді. Тергеуші Абылай Қайсенов таңғы кофесін ішіп отырған. Бөлмеге Медғат асыға кірді.

— Әке, жаңа дерек бар. Бір IP-мекенжай қаланың шетіндегі ескі қоймаға апарды, — деді ол.

— Қойма ма? Дереву тексеру керек! — деп орнынан атып тұрды Қайсенов. Полковник көмекшісіне шұғыл жиналуға бұйрық берді. Лейтенант Данияр Жандос қаруын сайлап, көлікті тізгіндеді. Олар арнайы топпен бірге аттанды.

Қойма сырттай қарапайым көрінгенімен, ішке кіргенде мүлде басқаша көрініс ашылды: кәсіби орнатылған компьютерлер, серверлер, сымдар...

— Бұл жерде біреу өте мұқият және кәсіби жұмыс істеген, — деді Данияр тандана.

Тінту кезінде ескі шкафтың артынан шағын сейф табылды. Ішінен бір флешка шықты. Ондағы деректерде «JS» деген белгілермен белгіленген файлдар болды.

— Бұл — хакердің қолтаңбасы. Әкімдікке шабуыл кезіндегі белгілермен дәл сәйкес келеді, — деді Қайсенов. Флешкадағы материалдарды зерттей келе, олар хакердің әрекеттері мен байланыстарының сызбасын тапты.

— Қойма — хакердің басты орталығы болған сияқты, — деді Данияр.

— Бұл жерге бақылау орнату керек. Күдікті көп ұзамай мұнда қайта оралуы мүмкін, — деді Қайсенов.

Қайсенов қойма ішін асықпай шолып шықты. Бір бұрышта тұрған аяқ киімді көзі шалды.

— Мұны кеше ғана киген, — деді ол. — Табанында кеппеген балшық. Бұл қаладағы құрылыс орындарының бірінен болуы мүмкін.

Данияр түсіне алмай қарады.

— Қарашы, балшық сұр қоңыр түсті. Тек Есіл ауданындағы бос жатқан құрылыс алаңында ғана сондай топырақ бар. Ал қоймадағы бетон еденде дәл осы түсті із қалған. Демек, бір адам екі жерде де болған. Қойма да, құрылыс та — бір тізбек. Бізге сол бағытта қазу керек, — деді Қайсенов байыппен.

Ертеңінде Абылай Қайсенов компьютер бөлмесіне кіргенде, бірден өзгеше бір нәрсе байқалды. Терезеден төгіліп тұрған әлсіз жарық бөлмені жартылай жарықпен көмкергенімен, оның ішкі сезімі өзгеше қымылды сезінді. Қараған жерлерін шолып шықты да, компьютер үстіндегі тышқанның орнын көріп, көңіліне секем алды.

Асхат ӨМІРБАЕВ

(Жалғасы бар)

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы облысы Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Атырау облысы Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59.
Шадиар Мекенбайұлы 87757335665
Батыс Қазақстан облысы Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы көшесі 68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі: 292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz
E-mail: zanreklama@zangazet.kz
«Заң газеті» аптасына 2 рет — сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 5719 дана
Апталық таралым 11438 дана
Тапсырыс №998 Индекс 65921
Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын Zangazet.kz сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г күәлікті 2017 жылғы 12 қантарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қатпау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8(727)51-78-27, 8(727) 51-78-31